Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 42 (1097)

28.10.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

ОБЛЫС ӘКІМІ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАР ТАБЫСТАДЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІН АЙШЫҚТАЙТЫН МЕРЕКЕ. АЙТУЛЫ КҮНГЕ ОРАЙ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА САЛТАНАТТЫ ЖИЫН ӨТТІ. ОҒАН ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚАТЫСЫП, ӨҢІРГЕ ЕЛЕУЛІ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҮРЛІ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН МАРАПАТТАДЫ.

Б.Римова атындағы драма театрында өткен салтанатты жиында облыс әкімі Бейбіт Исабаев бірнеше жетісулық азаматқа мемлекеттік наградаларды табыс етті. Республика күніне орай Астанада және Талдықорғанда жалпы саны 45 азамат марапатқа ие болды.

Салтанатты шараға жиналған жұртшылықты құттықтаған облыс басшысы мерекелік күнтізбеге қайта қосылған Республика күнінің ел тәуелсіздігі тарихындағы маңызына тоқталды.

– *Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің басты мерекесі ретінде Республика күнін қайта қалпына келтіруді ұсынған болатын. Бұл бастама қоғам тарапынан қызу қолдау тапты. «Егемендік туралы» декларация қабылданған 1990 жылғы 25 қазанда тәуелсіздігіміздің алғышарты жасалды, бетке алар бағытымыз айқындалды. Бұл күн біз үшін сонысымен құнды. Қазақстан – біздің өмір сүріп отырған ортақ Отанымыз. Сондықтан оның тағдыры, бүгіні мен болашағы елдің әрбір азаматына тікелей қатысты,* – деді Б.Өксікбайұлы.

Жиында өңір басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азаматты марапаттады. Мерейі тасығандардың қатарында қарапайым қызметкерлерден бастап, педагогтер мен медбикелер де бар. Түрлі сала қызметкерлері ортаға шығып, сый-құрметке бөленді. Оларға «Құрмет», «Еңбек даңқы» ІІІ дәрежелі ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары табысталды.

Марапат тұғырынан көрінгендер қатарында «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы, белгілі айтыскер ақын Айтақын Бұлғақов ағамыз да бар. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді.

Жиында Жетісу облысының Құрметті азаматтары атағына алты жетісулық лайық деп танылды. Олар ғарышкер, халық қаһарманы Айдын Айымбетов, меценат Сауат Мыңбаев, еңбек ардагерлері Мұратхан Егінбаев, Асылмұрат Тоғанбеков және Анатолий Рудер бар. Мұнымен қоса Панфилов ауданының шаруасы Тасқын Жапарқұлдың да еңбегі еленді.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алған ақын ағамыз Айтақын Бұлғақов:

– Қара өлең мәңгі біздің серігіміз,
Жетісу топқа қосқан өңіріміз.
Аспаннан медаль жауып жатсадағы,
Орден тағып көрмедік өмірі біз.

Президент өзі елеп ескеріпті,
Қуаныштан тасып тұр көңіліміз.
Бейбіт мырза, өзіңіз дәнекерсіз,
Төрден бүгін бұйырды орынымыз.

Өксікбайдың баласы өткізбесе,
Өкінішпен өтеді екен өміріміз.
Әділ басшы халыққа бетін бұрар,
Оспадар басшы Отанды опындырар.

Хан айбалта болғанда, халық сабы,
Сап болмаса, айбалта не тындырар?!
Айбалта мен сабы дәйім бірге болса,
Кез-келген дұшпан елді отын қылар.

Қазаққа Алла нұрын құйып тұрсын,
Шаттықтан төбем көкке тиіп тұрсын!
Қасым-Жомарт Кемелұлы елді бастап,
Бір туға бар қазақты жиып тұрсын!
Көп тудың арасынан әлемдегі,
Көк тудың мәртебесі биік тұрсын! – деп ішкі тебіренісі мен қуанышын өлең жолдарымен жеткізді.

Салтанатты жиын соңы облыс өнерпаздарының концертіне ұласты.

А. БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

НЕГЕ?



ТЕЛЕФОНҒА ТЕЛМІРГЕН БАЛА КӨБЕЙДІ

Қазіргі таңда ата-аналар ерте жастан балаларына ұялы телефон ұстатып, тыныштандыруды әдетке айналдырған. Компьютерлік ойындар бала түгілі, ересек адамдарды өзіне тартып, тәуелді етіп қояды. Сол ойындардың арбауына түсіп, шырғалаңынан шыға алмай қалатын жандарды күнделікті өмірімізде жиі кездестіреміз. Мұндай ойындардың зияны туралы өте жиі айтылып келсе де, көпшіліктің назарынан тыс қалуда.

Ата-аналары жұмысбасты болғандықтан жауапкершіліктің барлығын ғаламторға қалдырады. Кішкентайынан смартфонға үйренген баланың барған сайын әуестігі артып, тәрбиені әке-шешеден емес, виртуалды әлемнен алары сөзсіз. Сондықтан әрбір ата-ана баласының не көріп, немен айналысып жүргенін қадағалау қажеттігін айтады мамандар.

Жақында Алматы қаласында 6 жасар бүлдіршіннің әйгілі «майнкрафт» ойынының салдарынан психиатриялық ауруханаға түскені белгілі болды. Дәрігердің айтуынша, балада осы ойыннан кейін қорқыныш пайда болған. Әрі ас-судан да бас тартқан көрінеді. Мамандардың айтуынша, соңғы уақытта жеткіншектер арасында бұл дерт өршіп тұр. Себебі балалардың бос уақыты көп. Салдарынан виртуалды өмір мен шынайы өмірді шатастырып алатын көрінеді. Тапжылмай отырып ойын ойнау, біріншіден баланың ой-өрісінің дамуын шектесе, екіншіден мінез-құлқының өзгеруіне әкеп соғады. Өйткені ол ойнап отырып, бірде жеңсе, бірде жеңіледі. Ал ұтылған сайын оның жүйке жүйесі бұзылып, ашу-ызыға жол береді. Сонымен қатар атыс, шабыс ойнайтын баланың бойында қатыгездік, өзімшілдік, аяусыздық, ашушаңдық секілді қасиеттер көбейеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, балалардың компьютер ойындарына қызығушылығы 3-4 жасынан басталады екен. Себебі психикалық денсаулық орталығына көмек сұрап келгендердің ең кішкентайы 4 жаста болған. Психолог мамандар мұндай кезде бүлдіршіндерді гаджеттерге мүлдем жақындатуға болмайтынын айтады.

Соңғы уақытта сәбилердің тілі кеш шығып, дамуында тежеу жиілеп кеткен. Оның бәрі де осы смартфондардағы ойындардың салдары.

Бұрын «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деуші едік. Қазір ұялы телефоннан көргенін істейтін ұрпақтың өсіп келетінін байқаймыз. Жаһандану деп жапа-тармағай жанталаспай, жас ұрпақтың балалық бал күніне баса назар аударған артық емес.

Кезінде балалар дала ойындарын серік ететін-ді. Ертегі тыңдап, өлең-тақпақты жарыса айтатын бүлдіршіндердің де қатары көп еді. Даладан ойын құмары басылмаған қам көңілді баланы ата-аналары жүр-жүрлеп үйге әрең кіргізетін. Бүгін бәрі керісінше, баласына далаға шығып ойна деп, үйден шығара алмайтын жандар қатары көбейді. Телефонға телмірген бала саны артып барады. Мұны біліп жүргенмен де үнсізбіз. Неге?

А. НҰРЖАПАР.

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Алатау

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КІТАПХАНАДА

ЖЫР МҮШӘЙРАСЫ ӨТТІ

Республика күніне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай Талғар аудандық кітапханасы «Тілім менің арнамысым, елдігім» атты жыр мүшәйрасын ұйымдастырды.

Оннан астам жас ақындар қатысқан мүшәйрада «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы Гүлнар Мамырбаева мен аудандық кітапхана директорының орынбасары, әдіскер Ризвангүл Тоқорзаева төрешілік етті.

Қасиетті қара өлеңді бойына дарытып, табиғи талантымен танылған Панфилов ауылдық округіне қарасты Төңкеріс ауылындағы №23 мектеп орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Ысқақ Оралбек салмақты ой, салиқалы жырымен жарқырап, ортасынан оза шауып, бас бәйгені иеленсе, жүлделі I орын Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 4-курс студенті, талантты жас Бағжан Бақбергенұлына бұйырды. Мүшәйраның 2-орыны екі адам алды. Бірі Талғар қаласы Т. Рысқұлов атындағы № 9 орта мектептің физика пәнінің мұғалімі Әкиза Қастер, енді бірі Талғар жоғары медициналық колледжінің 1-курс студенті Нұрбек Жолдасбаев. Жүлделі 3-орынды қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Нұрәли Жарылқасын мен Бауыржан Майтай, ағылшын тілін оқытушысы Медетбек Ботагөздер бөлісті.

Жүлдегерлер Алғыс хатпен марапатталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ШАРА АЯСЫНДА

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ САМАЛ ШАҒЫН АУДАНЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҮЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН №12 ОРТА МЕКТЕПТЕ «ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ» АТТЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРА ӨТТІ.

Шара аясында №12 орта мектеп-лицейінің директоры мен ардагер Хания Есдәулетова ардагерлерге арнап өздерінің ізгі тілектерін айтты. Сондай-ақ осы шараның өтуіне негіз болған Ардагерлер үйінің төрайымы Қаламқас Тұрғылова да қарияларды мерекемен құттықтады.

«Баршаңызды осы айтулы мейраммен құттықтаймын. Әрбіріңізге зор денсаулық, бала-шағаларыңыздың амандығын тілеймін. Жылына бір рет келетін мерекеде сіздердің бастарыңызды қосып, бір-бірімізбен көрісіп, бір серігіп қалсын деп осындай шараны ұйымдастырған жайымыз бар», – деген Қ.Тұрғылова қарттарға арнайы сый-сияпат жасап, арнайы келген жиырма адамға азық-түлік таратты. Іс-шараға келе алмай, үйлерінде төсек тартып жатқан жандарға да ардагерлер үйінің тарапынан көмек көрсетілді.

Шара барысында мектеп оқушыларымен қатар зейнеткерлер Н.Омарова, Ғ.Дүйсебаев, С.Бодаубаева, күйші Н.Смағұловтар өз өнерлерін көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Мерекелік басқосуға қатысқандар естелік суретке де түсті.

С. БЕКМЕТОВА,
қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

КЕҢЕС

АНТИКОРДЫҢ АРНАЙЫ БАҚЫЛАУЫНДА

Алматы облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің орынбасары Қ.Ақшабаевтың, аудандық білім бөлімінің басшылығының, жергілікті мектеп директорларының және балабақша меңгерушілерінің қатысуымен білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес ұйымдастырды.

Іс-шарада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрсұлтан Бекинов сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінде сыбайлас жемқорлықты алдын алу басымдық болып табылатынын атап өтті. Бұған дәлел агенттік әзірлеген еліміздің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы болып табылады, оған сәйкес Алматы облысында білім беру жүйесі ТОП сыбайлас жемқорлық салаларына енгізілген.

Алматы облысында жыл басынан бері 1424 Агенттіктің Call-орталығына мектептер мен балабақшаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 40-тан астам шағым түсті. Соңғы екі апта ішінде 13 өтініш тіркелді.

Ақпараттың негізгі бөлігі Еңбекшіқазақ ауданының білім беру мекемелеріне түседі. Анонимді өтініштер мектеп директорлары мен меңгерушілерінің қызметімен, тарифтеуге, перделерге, кабинеттерді жөндеуге және т.б. жүйелі алымдармен байланысты болып отыр. Мысалы мектептердің бірінде меңгеруші мұғалімдерден тарифтеуге ақша жинауды көздеді, бұл ретте «театрлар» деген сөзбен ақша қаражатын жауып тастады.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде әлеуметтік желілерде ашық факт жарияланды, онда ата-аналар чаттағы әйел сынып үшін қағаз және кеңсе тауарларының басқа түрлерін сатып алуға ақша жинауды ұсынды.

Бұл фактілер сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілдерінің пікірінше, жергілікті уәкілетті органдар тарапынан тиісті бақылаудың болмауының нәтижесі болып табылады.

Кеңес қорытындысы бойынша мектептер мен балабақшалардың басшылығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптары мен сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілік туралы хабардар болды, ол параның 20 еселенген мөлшерінен 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет белсенді азаматтық ұстанымы бар оқушылар мен оқытушылардың ата-аналарын сыбайлас жемқорлықтан өтпеуге, бірақ мұндай фактілер туралы 1424 Call-орталығына хабарлауға шақырады. Анонимділікке кепілдік беріледі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕЗДЕСУ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОРҒАНЫС ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ЖИНАҚТАУ ПУНКТІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Шараға басқарма және бөлім басшыларымен қатар азаматтық қызметшілер де қатысты. Әскери полиция қызметкері сыбайлас жемқорлық деректеріне бірнеше мысал келтіре отырып, қатысушыларға орын алған сыбайлас жемқорлық деректерін жеткізді және сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылықтарға жол бермеуге шақырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша аға офицер әділет майоры Әсет Аққолтаевтың сөзінше, жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. – *Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады,* – деді ол.

Сонымен қатар әскери полиция қызметкері әскерге шақырылушылармен де кездесіп, оларға сыбайлас жемқорлық тақырыбы жайында әңгіме қозғап, оларды сыбайлас жемқорлыққа түбегейлі қарсы тұруға шақырды.

Айта кетсек, Талдықорған гарнизонындағы әскери полиция бөлімінде «Қарулы Күштер – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі жұмыс жасауда.

ТАЛДЫҚОРҒАН ГАРНИЗОНЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПОЗДРАВИЛ КАЗАХСТАНЦЕВ С ДНЕМ РЕСПУБЛИКИ

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ОТМЕТИЛ, ЧТО ДЕКЛАРАЦИЯ О ГОСУДАРСТВЕННОМ СУВЕРЕНИТЕТЕ КАЗАХСТАНА ОТКРЫЛА ПУТЬ К НАШЕЙ СВЯЩЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ. ПОЭТОМУ ЭТОТ ДОКУМЕНТ ИМЕЕТ ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ, ПЕРЕДАЕТ ИА «NEWTIMES.KZ».

«С нынешнего года мы по-новому отмечаем День Республики, который получил статус национального праздника. Уверен, это начинание получит широкую поддержку в обществе и станет доброй традицией. День Республики — яркий праздник, призванный возвысить дух народа, укрепить государственность, упрочить наше единство и солидарность. Мы приступили к построению Справедливого Казахстана. Эта высокая цель может быть достигнута только при активном участии всех казахстанцев, потому что главная опора и самое большое богатство государства — это граждане! По случаю возрожденного национального праздника в регионах состоится церемония поднятия государственного флага. Это важное мероприятие, направленное на укрепление патриотизма, духа нашего народа, национального самосознания. Наш небесно-голубой стяг олицетворяет такие ценности, как суверенитет, свобода, единство и мир. Мы верны заветам предков, которые всегда высоко несли наше знамя. Поэтому церемония поднятия флага продемонстрирует глубокий смысл национального праздника. У нас нет другой Отчизны, кроме Казахстана. У нас ясные устремления

и общие цели. Мы всегда будем свято чтить Независимость и укреплять нашу государственность. У нас одна Родина, одно государство, один народ! Вместе мы построим Справедливый Казахстан! Еще раз поздравляю вас с Днем Республики! Желаю всем крепкого здоровья и благополучия! Пусть крепнет суверенитет нашей страны!» — озвучил Касым-Жомарт Токаев.

В сентябре депутаты сената парламента РК после рассмотрения мажилиса приняли закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам кинематографии, культуры и праздников». В частности, вносились изменения в Закон «О праздниках в Республике Казахстан», которые устанавливают национальным праздником День Республики — 25 октября и государственным праздником День Независимости — 16 декабря.

Также предложили исключить День первого президента — 1 декабря из списка государственных праздников.

К слову, в этом году в честь Дня Республики казахстанцы отдыхали три дня — 23, 24 и 25 октября.

ПЕРЕПИСЬ

НАЗВАНА ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

ЧИСЛЕННОСТЬ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА С УЧЕТОМ ПЕРЕПИСИ НА 1 АВГУСТА 2022 ГОДА СОСТАВИЛА 19 644 067 ЧЕЛОВЕК, ПЕРЕДАЕТ ДЕЛОВОЙ КАЗАХСТАН (DKNEWS.KZ.)

Согласно обработанным данным, в переписи 2021 года приняло участие 19 186 015 человек. Таким образом, население страны с прошлой переписи 2009 года выросло на 20% или 3,2 млн человек. Этому способствовали естественный прирост населения, а также миграционный приток на территорию Казахстана.

Согласно итогам переписи доля горожан продолжила расти и увеличилась до 61,2%, рост по сравнению с данными предыдущей переписи составил 5%. Соответственно наблюдается уменьшение доли сельского населения с 43,9% до 38,8%. Наибольшее число городских жителей проживают в Карагандинской области — 80% жителей, свыше 1 млн человек. Напротив, регионом, где проживает меньше всего горожан, стала Туркестанская область. Здесь всего 498 тыс. человек или 24,3% жителей области проживают в городской местности.

«Урбанизация является общемировой тенденцией, которая связана с индустриализацией экономики и перетоком рабочей силы в более производительные сферы. Как правило, жители переезжают из сел в города для получения образования, работы по специальности и улучшения благосостояния. За межпереписной период наибольший рост городского населения отмечается в 6 регионах страны — Акмолинской, Актюбинской, ЗКО, ВКО, СКО, Кызылординской областях. А население столицы выросло в два раза».

Жандос Шаймарданов, Глава Бюро национальной статистики АСПиР РК

По итогам предыдущей переписи в столице проживало 619 тыс. человек, на момент переписи 2021 года численность населения главного города страны составила 1,23 млн человек.

Численность женщин в Казахстане, как и прежде, превалирует над численностью мужчин. По итогам переписи их оказалось на полмиллиона больше (на 536,3 тыс. человек). Если говорить в процентах, доля мужчин составила 48,6% (9 324 840 человек), женщин — 51,4% (9 861 175 человек). Таким образом, на 100 женщин в Казахстане приходится 99 мужчин.

Отметим, перепись проводится один раз в 10 лет и показывает различные социально-экономические параметры населения на определенную дату. Собранные данные являются уникальными, как по полноте представленной информации (миграция, доходы, занятость, брачное состояние, рождаемость, степень владения языками, отношение к религии, ограничение жизнедеятельности), так и по охвату респондентов.

Так, с учетом данных переписи 2021 года численность населения Казахстана после перерасчета текущих данных на 1 августа 2022 года составила 19 644 067 человек.

Краткие итоги переписи отражают статистику по регионам за 2021 год, то есть до выделения 3-х областей.

ТРУДОУСТРОЙСТВО

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РПП ГОРОДА АЛМАТЫ, В АЛМАТЫ НА АРБАТЕ ПРОШЛА ОБЩЕГОРОДСКАЯ ЯРМАРКА ВАКАНСИЙ. ЦЕЛЬ –ОБЛЕГЧИТЬ РАБОТОДАТЕЛЯМ ПРОЦЕСС НАЙМА, ПРИВЛЕКАЯ ПОДХОДЯЩИХ КАНДИДАТОВ, И ПОМОЧЬ ИМ НАЙТИ РАБОТУ.

ПРОШЛА ЕЖЕГОДНАЯ ЯРМАРКА ВАКАНСИЙ

В ярмарке приняли участие работодатели из различных отраслей, включая промышленность, производство, розничные сети, общественное питание, медицину, фармацевтику и образование. Организаторы мероприятия – Центр занятости населения при Акимате города Алматы, при технической поддержке Акимата города Алматы.

Директор палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов отметил эффективность таких площадок.

«Чтобы определить потребность в кадрах НПП «Атамекен» ежегодно проводит опрос среди предпринимателей. По городу Алматы в опросе участвовали около 4 тыс. респондентов, где мы определили потребность в прогнозных кадрах на 3 года. Потребность в 2022 году составила 9 192 человека. Согласно опросу, самая востребованная специальность – продавец (422 человека), SMM», – отметил Айтуар Кошмамбетов.

Представители бизнеса Алматы заявили о нехватке швей и портных (389 человек) и других специалистов в сфере легкой промышленности. Кроме того, приспосабливаясь к условиям пандемии, компании начали нанимать удаленных сотрудников, что увеличило спрос на ИТ-специалистов (260 человек).

«Особенно радует активность молодежи, также перемены на рынке труда, все больше предложений для фрилансеров», – отметил Айтуар Кошмамбетов.

Он добавил, что в рамках мероприятия гражданам, кто хотел бы открыть свой бизнес, обучиться предпринимательским основам, можно получить консультацию у сотрудников РПП г. Алматы.

Директор центра занятости населения города Алматы Сагындык Кенжебаев отметил интересные моменты ярмарки и рассказал о эффективности данного мероприятия.

«На данной площадке сегодня представлено свыше 150 предприятий, которыми предложено свыше 3,5 тысячи вакантных мест. В основном предприятия представлены в сфере промышленности, образования, фармацевтики, медицины, продуктов питания, обработки и так далее. Я думаю, данная площадка очень эффективная, потому что работодатель непосредственно видит работника, а работник знакомится с условиями, с кадровыми службами. Поэтому такие площадки более действенны чем когда человек оставляет резюме в приемной или размещает на сайтах», – объяснил Сагындык Кенжебаев.

Также сотрудники алматинской палаты предпринимателей консультировали по вопросам предпринимательской деятельности. Одна из самозанятых города Оксана Кавядина поделилась впечатлениями от ярмарки и проявила интерес к Палате предпринимателей города.

«Я самозанятая, хожу ищу себе подработку или работу. Так как мне 50 лет не везде берут. Больше вакансий дляю№ молодежи, а хотелось бы и для людей старше 50. Сейчас подошла к Палате предпринимателей, хочу попробовать открыть свою небольшую торговую точку. Начальный капитал есть, но, как и с чего начинать я не знаю. Хочу обратиться к вам», - отметила Оксана Владимировна.

Ш. ХАМИТОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

КҮЗГІ НАУҚАН АЯҚТАЛУҒА ТАЯУ

«ТӘҢІР ЖЕРГЕ БЕРЕДІ, ЖЕР ЕЛГЕ БЕРЕДІ, ЕЛ ЕРГЕ БЕРЕДІ» ДЕГЕН ТӘМСІЛ СӨЗДІҢ МӘЙЕГІ ТЕГІННЕН-ТЕГІН АЙТЫЛМАҒАН-АУ. ЕРТЕ КӨКТЕМНЕН ЖЕРМЕН АЙНАЛЫСҚАН ШАРУАЛАР ҮШІН «БАЛАПАНДЫ КҮЗДЕ САНАП АЛҒАНДАЙ» ТӨККЕН ТЕРДІҢ ӨТЕУІ КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН НАУҚАНЫНДА БЕЛГІЛІ БОЛАДЫ. ПАНФИЛОВ АУДАНЫНЫҢ ДИҚАНШЫЛАРЫ ӨСІМДІК ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫНА КӨҢІЛДЕРІ ТОЛАТЫНЫН АЙТУДА. АУДАНДА ТОҒЫЗ АЙДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ ӨНІМІ 44 406, 5 МЛН.ТЕҢГЕГЕ ӨНІМ ӨНДІРІЛІП, НАҚТЫ КӨЛЕМ ИНДЕКСІ 97,5 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАҒАН.

«Белжайлау мен Арқас» тауының баурайында орналасқан жазиралы өлкенің шаруалары суармалы алқаптармен күнкөрісін айырып отыр. «Жеріне шыбық қадаса, жеті күнде жеміс піскен» шекаралы аймақ Жетісу облысының шалғай аудандарының санатына жатады. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан аудан аспан асты елімен иық тірестіріп тұр. Қорғас кеденінен ары өте қалсаңыз, 60 шақырымнан кейін Қытай мемлекетінің Үрімжі аймағына кіресіз. Нарықтық жүйеге көшкен сонау бір аласапыран заманда дағдарысқа ұшырап, ірі ұжымшарлар таратылып, жеке шаруаға айналғанда «танауын тасқа соққан балықтай» сансырып қалған шаруалар өсірген дала аруын қабылдап алатын зауыттар тоқтап, өндірген өнімдері қырманда шіріген кезеңдер болған. Тіпті, бертін келе 2010-2014 жылдарға дейін жүгері дақылының құны төмендеп, алажаздай бейнет шеккен диқандардың күзде жинаған жүгерілері қырман басында қарда қалған кезеңдерді ел әлі ұмыта қойған жоқ.

Бірді айтып, бірге кетті демеңіз, сонау 1998-2002 жылға дейін жүгері дақылының егіс алқабы қысқарып, ауданды басқарған әкім Әділшайық Ыбыраймолдаев сол кезеңде шаруаларға жүгерінің орнына қызылша еккізіп, көрші Қытай мемлекетіне өткізіп, аудан халқын қызылшамен асыраған замандар болған. Тығырықтан шығудың жолын тауып, тіпті аудан еңбеккерлерінің студент балаларынан қамқорлығын аямаған Әділшайық Ыбыраймолдаевты аудан жұртшылығы күні бүгінге дейін аузынан тастамайды. Жүгері мен қоса төрт-түлікті өргізіп, түрлі дәнді дақылдар мен жеміс-жидек, көкөніс өндіретін шаруалардың бүгінде «қағанағы қарық, сағанағы сарық». Шаруаның көзін тапқандар мыңғыртып мал айдап, егістік алқаптарын ұлғайтып, ғылыми негіздерге сүйеніп жүгерінің жаңа сорттарын будандастырып мол өнім алса, мал өргізген шаруалар мал тұқымын асылдандырып, шаруашылықтарын ұлғайтуда. Ауданның негізгі тіршілік көзі ауылшаруашылығына басымдық берілген. Далааруы, жүгері өсірумен айналысатын диқан қауымы биыл барлық егіс көлемін есептегенде – 44 122 гектарға дәнді-дақылдар өсірген. Оның 27 493 гектары дәнді-дақыл, 26 578 гектары жүгері. Ырыснесібесін қара жерден алып отырған жаркенттік диқандар бүгінгі күнге дейін 22 000 гектардан, 143 220 тонна өнім жинаған. Мәселен, 398 га егілген бидайдан – 877,7 тонна астық, 517 га арпадан – 1 034 тонна, 920 га картоптан – 16 008 тонна, 595 га көкөністен – 16 322 тонна, 130 га бақша дақылдарынан – 3875,4 тонна күнбағыс, 26 га 36,4 тонна жүзім, 110 га 873 тонна жеміс-жидек 2 251 гектар – 22 402 тонна өнім алған. Бұл тек тоғыз айдың көрсеткіші. Науқан әлі толық аяқталған жоқ, жыл соңында негізгі көрсеткіш айқын болады дейді ауданның ауылшаруашылығының бөлім басшысы Жұмағазы Наймантаев.

Қазір ауданда алты тұқым шаруашылығы бар. Олардың бесеуі элиталық жүгері тұқымымен айналысса, біреуі қант қызылшасы тұқымын өндіреді. Жаркенттік шаруалар жүгері тұқымымен тек айналысып қана қоймай, оған деген сұранысты да арттырған. Мәселен, Солтүстік облыстар жүгері сортын осы жаркенттік тұқым шаруашылықтарынан алуда. Жылына мың тоннадан артық жоғары сортты сапалы жүгері тұқымы ауданның ғана емес, Жетісу және Алматы облысының қажеттілігін өтеуде. «Ескіні айтпай жаңаның жаңғыруы екіталай» демекші, кешегі Кеңестік кезеңде жүгері өндіруден атағы 15 одаққа тараған Жаркент өңірі сол рекордтық көрсеткішті жаңғыртпаса да, жүгері дақылын өсіруде жаңа белестерді бағындыруда.

Жылдан-жылға жүгері өніміне деген сұраныс артуда. Мәселен, биыл оның ылғалдығы 16 пайыз болса, килограмы 120 теңгеден сатылады. Оның сыртында мемлекеттен алатын үстемақы тағы бар. Сондай-ақ Еркін Оразбаев деген азамат ылғалдылығы 16 пайыз болса, жүгерінің әр килограмын 128 теңгеден сатып алуда. Ал өнім қабылдайтын кәсіпорындар ылғалдылығы 22 пайыз болса, 120 теңгеден алып жатқанын ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Жұмағазы Наймантаев баян етті. Бұдан бөлек, қант қызылшасы тұқымын өсіріп, өндіруші «Қамқорлық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі облысымызда ғана емес, республика көлеміндегі элиталық тұқым шаруашылығы болып табылады. Олар 3 гектар жерден 5,5 тонна таза элиталық тұқым дайындайды. Айтулы өңірдің егістік алқаптары тіршілік көзі сумен ғана күтіп бапталатындықтан тамшылатып суғару әдісімен жаңа технологияға бейімделуде. Кешегі кеңестік кезеңдегідей суды ысырап жасау мүлде тоқтатылған. Су көздерінің арқауы арық-тоғандарда жылдан-жылға жаңартылып, диқандар да суды кезек-кезегімен алып отыр. Ең тиімді әдіс тамшылатып және жаңбырлатып суғару жалпы 2128 гектарға қолданылуда. Атап айтқанда, «Жаркент – Фрукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 1050 гектар бақќа Көктал округінде орналасқан «Көктал-Агро» ЖШҚ 303 гектар дәндік жүгеріге тамшылатып, 300 га жаңбырлатып, Қоңырөлең округінде «Мадина» шаруа қожалығы 50 «ОТ Агрохолдинг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 250 га, жаңадан 750 га жаңбырлатып суғару әдісін пайдалануға дайындық жүргізсе, «Нұрқайрат» шаруа қожалығы 40 га, «Айсұлтан» шаруа қожалығы 50 га, «Айгерім» шаруа қожалығы жаңадан 55 га дәндік жүгеріге «Илиманов Қ» шаруа қожалығы 30 га жаңбырлатып суғару әдісін пайдалануда. Сондай-ақ «Аманат» партиясының жол картасына енгізілген суармалы жерлерді айналымға енгізу бойынша 6 мың гектардың 325, 2 гектары енді. Сумен қамту каналдарын жөндеу бойынша Жетісу облысы ауыл шаруашылығы басқарма басшысы Қ. Есболатовқа 25 тамыз 2022 жылы №82-05/83 Ихатпен 28 коммуналдық меншіктегі каналдарға жобалау-сметалық құжаттама даярлау үшін бюджеттен 128, 539 млн. теңге тиісті қаражат бөлуге бюджеттік өтінім жолданған. Су көздерін үнемдей отырып мол өнім алуда жаңа технологияларға басымдық берген аудан әкімдігі бұл жұмыстарды бір жүйеге түсіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып жатқанын айтты. Өйткені әлемдік жүйеде суға деген сұраныстың артқанын, судың да сұрауы барын, оның да қат тауарға айналып бара жатқанын шаруалар жақсы сезінеді.

– Су шаруашылығы бойынша 2022 жылы мемлекеттік суландыру жүйесінен 401 млн. текше метр су беру жоспарланса, 20 қарашаға дейін ол көрсеткіш 414 млн. текше метрге жетеді. 3123 су пайдаланушымен келісімшарт жасалып, 366,5 млн. текше метр су, 38 609 га жерге ылғал берілді, – дейді аудан әкімі Марат Сағымбек мырза.

Иә, сусыз өмірдің мәні де, сәні де болмайды. Кей мезгілдерде күннің көзі күрт ысып кеткенде тау басындағы қарлар еріп, тасқынға ұласқан жылдарда шілінгір шілде айларында танаптағы астық пен жердің кенезесі кепкен сәттер де болып тұрады. Себебі су таулы аймақтардағы шыңдардан және бұлақ көздерінен жиылып келіп, тоғандарға құйылады. Сол суларды ысырап етпей шаруаларға жеткізуде арнайы жобалар жасалған. «Сулы өмір – нулы өмір» болатыны айдан анық. Осы су көздеріне қарап отырған аудан еңбеккерлерінің еселі еңбегінің жемісі түрлі дақылдар өсірумен бағаланады.

Аудан диқаншылары тек жүгері өндіріп қана қоймай түрлі жеміс-жидек пен көкөніс өндіруде сүбелі табыстарға жетіп жүр. Жер тырмалап, түрлі дақылдар егуде аудан шаруалары аянып қалған жоқ. Өңірдің қайсы ауылына барсаңыз да жаз мезгілінде жайқалған жеміс-жидектер көздің жауын алады. Сырттан келушілер де жемісі ерте пісетін жаркенттік өнімдерді тонналап тасып жатқанын көресің. «Жаркент-Фрукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде 1110 га алқапқа интенсивті бақ бар. Оның 730 гектары шекілдеуік және 380 гектары сүйекті жеміс ағаштары. 1110 га алқап толығымен тамшылатып суғарылады. Серіктестікте жаңа үлгідегі 90 бірлік ауыл шаруашылық техникалары агрегаттарымен алынған.

Тамшылатып суғарумен бірге минералды тыңайтқыштар беру, зиянкестермен және арамшөптермен күресудің интеллектуалды жүйелері тиімді пайдаланылуда.

«Ауданда 11 көкөніс, картоп, жеміс-жидек сақтайтын 1 630 тонналық қоймалар бар. Бүгінгі күні картоп сақтайтын қоймаға – 800 тонна өнім, көкөніс сақтайтын қоймаға – 60 тонна өнім, жеміс-жидек сақтайтын қоймаға 390 тонна өнім сақталуда. Өнімді өсіру

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

бар да оны күтіп баптау да бар. Түрлі аурулар мен зиянкестерден де қорғалу керек. Ол үшін химиялық өңдеулер қажет. Саяқ шегірткеге қарсы аудан бойынша 6 048 га жерге химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Ұшақ арқылы – 3000 га жер үсті техникасы арқылы – 3048 га жүзеге асты», – деген аудан әкімі Марат Сағымбек мал шаруашылығы саласындағы 9 айда атқарылған жұмыстарына тоқталды. Қазақтың жаны малмен бірге «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейтіні сондықтан. Кисең киім, ішсең тамақ болған төрт-түлікті өсіру, күтімін жасау, ол да оңай шаруа емес дейді. Жаз жайлауға, күз күзекке, қыс қыстауға, көктемде көктеуге көшіріліп отыратын тұяқты малдың саны жылдан-жылға артып келеді. Артып қана қоймай, мал басын асылдандыру да жүйелі қолға алынуда. Шаруашылықтарының керегесін кеңейтіп жатқан шаруаларға үкімет тарапынан да түрлі субсидиялар берілуде.

«Ауданда ірі қара санының барлығы – 99 136 басты құрайды. Қой мен ешкі – 333 375 бас, жылқы – 20 952, түйе – 372 және 76 113 құс бар. Мал мен құсты өсірумен қатар одан алынатын өнімнің сапасына да зор мән берілуде. Ол үшін мал азығы сапалы болуы керек. Сондықтан аудан шаруалары шөпті 14 955 гектарға егіп, одан 54000 тонна жиналса, аудан бойынша 21 300 тонна мал азығы жиналды. Оның 91 000 тонасы жоңышқа, 70 000 тонасы табиғи шөп, 10 000 тонасы пішендеме. Бұдан бөлек түрлі жемдік қоспалар дайындалады. Жүгері егіп отырғандықтан шаруалар қолындағы малдарының қоңды болуын қадағалайды. «Мал өсірсең қой өсір, табысы оның көл-көсір» деген тәмсіл нарық заманында да жойыла қойған жоқ. Аша тұяқты малдың санының басым екенін жоғарыда айтқан көрсеткіштен көріп отырсыз», – деген аудан әкімі Марат Сағымбек мал өнімдерінен өндірілген өнімдердің көрсеткішін де айтты. 10 776, 8 тонна ет, 37 357, 3 тонна сүт, 6264, 7 мың дана жұмыртқа, 834,5 тонна жүн өндірілгенін тілге тиек етті. Сондай-ақ мал басын асылдандырып жатқан шаруашылықтардың саны 58-ге жетті. Оның ішінде ірі қара бойынша 39 шаруашылықта 11 215 асыл тұқымды ірі қара және 19 қой шаруашылығында 14 235 бас асыл тұқымды қой өсірілуде. Малдан мол өнім алу үшін мал бордақылау алаңдары жұмыс істейді. Олардың саны – 8. Сиымдылығы 1725 басқа арналған. Азық-түлік өнімі дегенде осы ет пен сүт басты тақырып екенін сіз жақсы білесіз. Нарық жүйесінде базарлардағы ет пен сүттің бағасы да көтерілген. Сүт мәселесі бойынша «Коктал-Агро» ЖШС-де 585 бас сиыр сауылып, күніне 13 тонна сүт өндіріледі. Серіктестіктегі мал саны 1073 басты құрайды. Жетісу облысы аграрлық аймақ болғандықтан әрі елді мекеннің табыс көзі де осы мал және диқаншылық кәсібі. Табын-табын сиыр, отар-отар қой, үйір-үйір жылқы, келе-келе түйе өргізіп отырған шаруашылықтар іріленіп, мал басын асылдандыруға қам-қарaкет жасауда. Бұған үкімет тарапы да үлкен қолдау көрсетіп, мал басын асылдандырғандарға субсидия беруде.

Субсидия мәселесі біздің есепте жоқ, тауар өндірушілер өздері Qoldau.kz жүйе арқылы өтінім өткізеді, мал шаруашылығы бойынша Plem.kz электрондық жүйесі арқылы жүргізіледі. 2022 жылы ірі қара малы бойынша ауданның 153 шаруашылық 375,6 млн. теңге тұқымдық түрлендіру бойынша субсидия алды.

Ауданымызда жылыжай жұмысымен «КазГеоТерм» ЖШС-гі айналысады, 0,8 га қияр дақылын екті. Үкімет тарапы жүгері, қызылша тұқымын жаңартушыларға қамқорлығын аяп жатқан жоқ деген аудан әкімі шаруашылықтың көп ісі жаңа технологияларға тәуелді екенін, заманның ағымына қарай бейімделуде аудан еңбеккерлері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмысты меңгеруде дейді. Үлкен көрсеткіштерге жету үшін технологиялық тәсілді меңгеру қажет, оны сатып алуда қыруар қаражат. Оған бір шаруашылықтардың қолы жетсе, екіншілері ала алмай отыр. Біртіндеп олар да жаңа техниканы алатын болады. Ол үшін жоғары біліктен бірлесіп, бар мүмкіндікті пайдаланудамыз. Механизация саласы бойынша тоғыз айдың ішінде жаңадан 41 бірлік техника 489,7 млн. теңгеге сатып алынды, былтырғы жылы осы уақытта 72 бірлік техника алынған. Жаңа техника алмаған округтер: Айдарлы, Бірлік, Жаскент, Сарыбел, Талды, Үлкенағаш ауылдары. Бұл техникалар көктемгі, жазғы, күзгі дала жұмыстарына ауадай қажет. Мәселен, шөп жинау науқанында 100 бірлік шөп шабатын техникалар (жаткалар) және 138 бірлік шөп престейтін техникалар жұмыс істеді. Жүгері дақылдарына культивация жұмыстарында 56 бірлік техника тартылды. Күзгі дала жұмыстарына жүгері жинау науқанына ауданда дәнді тікелей оратын 24 бірлік комбайн, сондай-ақ, күрделі жөндеуден өткен 23 бірлік комбайн жұмылдырылды. Еккен

өнімді төкпей-шашпай жинап алу, оны түрлі зиянкестерден қорғау, мезгілінде суару, күтіп-баптау диқан қауымы үшін аса жауапты кезең. Қазір науқан аяқталуға жақын, күзгі дала жұмыстарына 462,2 тонна дизель отыны бөлінген, 412 тонна толық игерілді. Ал қарамағындағы егістік көлемі аз шаруа қожалықтарының күнделікті қажетті дизель отынын Жаркент қаласы және ауылдық округтердің аумағында орналасқан жанармай құятын бекеттерден (АЗС) кез келген уақытта сатып алуға мүмкіндіктері бар. Ондай бекеттер ауданымыздың Бірлік, Көктал, Қоңырөлең, Үлкеншыған, Үшарал, Пенжім ауылдық округтерінде және Жаркент қаласында орналасқан. Биыл диқан қауымы дизель отынынан тапшылық көрген жоқ. «Қамданған қапы қалмайды» деген мақал бар. Бұл үшін аудан әкімдігі жыл басынан бері ауылшаруашылық және кәсіпкерлік салаларға айрықша көңіл бөлдік деген аудан әкімі М. Сағымбек табыс көзі ұлғайып, қанатын кеңге жайған шаруашылықтардың аудан бюджетін толтыруға да ел экономикасына сүбелі үлес қосып жатқынын баса айтты. Жер тырмалап, егіншілікті кәсіп еткен еңбеккерлер үшін жер мәселесі де өзекті деді. Бұл бағытта Панфилов ауданының жер комиссиясының 15 отырысында 634 өтініштер қаралып, 565 оң, 69 теріс қорытынды қабылданды. Кезінде гектарлап-гектарлап алып, не өзі игермей, не өзгеге бұйыртпаған жер телімдерін қайтарып алуда қыруар жұмыстар атқарылуда. Одан бөлек, баспана салу үшін кезекте тұрған қаншама адам бар. Осы жұмыстар сараланып, көлемі 92,073 га 183 жер учаскелеріне жалға беру келісім шарттары жасалып бюджетке 201 027 теңге қаражат түсірілді.

01.01.2022 – 08.08.2022 жылғы кезеңде жалпы көлемі 9,66153 га 78 жер учаскелеріне 23 520 820 мың теңге бюджетке түсті.

Жаркент қаласының солтүстік-батыс бөлігінен жеке тұрғын үй құрылысын салуға 319 жер учаскесі беріліп, кезек саны 484-ке жетті. Жаркент қаласы бойынша жалпы кезек саны 14 306. Аудан бойынша кезек саны 22 687.

Жер учаскесінің жалдау құқығын сату жөніндегі аукцион өткізілмеді.

Панфилов ауданының территориясы 1 058 252 га, оның ішінде 45 610 га суармалы егістік, 1 501 га көпжылдық екпелер, 2 794 тыңайған жер, 19 173 га шабындық, 570 653 га жайылымдар, 423 548 га басқадай жерлерден құралады.

Ауылшаруашылығы айналымындағы жер телімдерінің жалпы көлемі 348 180 га, оның ішінде 43 051 га суармалы егістік, 462 га көпжылдық екпелер, 2 225 га тыңайған жер, 6 001 га шабындық, 269 441 га жайылымдар.

Ауданда ауылшаруашылық өндірісімен айналысатын 5027 жер пайдаланушы тіркелген, оның ішінде: 4 937 шаруа қожалығы, 49 акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 9 а/ш кооперативі, 30 басқадай мекемелер, 2 мемлекеттік заңды тұлғалар. Міне, осы цифрлардың өзі жер мәселесінің қаншалықты түйінді екенін көрсетіп тұр. Осы жұмыстарды бір жүйеге түсіру үшін, ауылшаруашылығы мақсатындағы төмендегідей жұмыстар атқарылды: шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу, ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) беру, жер пайдаланушыларға 467 келісім шарты жасалды.

Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру бойынша 283,0 га жайылым жер учаскелері суармалы егістікке, 35,2 га суармалы егістік жер учаскесі көп жылдық екпеге, 7,0 га шабындық жер учаскесі суармалы егістікке ауыстырылып, аудан әкімдігінің қаулысы қабылданды.

«Шаруа қожалықтарынан жаңа шаруа қожалықтарын құру туралы өтініштер түсіп, жер комиссиясының қорытындысымен аудан әкімдігінің қаулысымен 43 жер пайдаланушыларға жер учаскелері бекітілді.

Жер пайдаланушылар өз пайдалануындағы жер учаскелерден өз еркімен аудан қорына қайтару туралы 28 өтініш беріп, жалпы көлемі 10 964,0 га жер учаскелері аудан қорына қайтарылды.

Панфилов ауданы бойынша пайдаланылмай жатқан ауылшаруашылығы мақсатындағы 27 жер пайдаланушы жалпы көлемі 11 385,0 га жер учаскелері анықталған. Анықталған жер пайдаланушыларды Жетісу облысының жер ресурстарын басқару департаментіне Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 92-94, 144-148 баптарына сәйкес, тексеру жұмыстарын жүргізуді және заң бұзушылықтар бойынша тиісті шараларды қабылдауға жолданды. Жетісу облысының жер ресурстарын басқару департаменті жер пайдаланушыларға тексеру үшін хабарламалар таратылды», – деді аудан әкімі Марат Сағымбек.

Қойнауы құтқа, қамбасы миллион пұт астыққа толған Жетісу өңірінің бір тармағы Панфилов ауданының еңбеккерле-рі күзгі науқанды аяқтауға таяу. Жүгеріден тау тұрғызып, төрт-түліктен өнім өндіріп отырған аудан шаруаларының қай ауылына барсаңыз да, қаладағыдай коттедж үйлер бой көтеріп, алдындағы төрт-түлігін мотоцикл және джип көлігімен бағып жүрген шопан қауымын көресің. Сән-салтанаты жарасқан үйлерде тұрып, шетелдік көлік мініп, көңілдері жайланған ауыл тұрғындарының ауызбірлігі бекем. Дала жұмысы десе тайлы-таяғы қалмай жұмылады. Себебі еңбекақы маңдай ердің өтемі тек еңбекте екенін олар жақсы сезінеді. Шашағы бұрымдай болып төгілген жүгеріге «дала аруы» деп айдарлап ат қойып, күтіп-баптап өсірген аруларын күзде құтты орнына қондырған жаркенттіктер енді келер жылдың дала жұмысына жан-жақты дайындалуда. Одан бөлек, енді төрт-түліктерін қыстан қоңды шығару үшін қыстауларға мал азығын жеткізуге қам-қарекет жасауда. Түгін тартсаң, майы шығатын қара жерден ырзығын теріп алған шаруалар енді қыстауларына көшіп, мал төлдету науқанына дайындықтарын қара күзден бастайды. Еңбектерің еселене берсін, диқаншылар мен малшы қауым!

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 31 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 03.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 02.45 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Бақыттың кілті»
14.10 «Апта»
15.15, 03.00 «Барыстың ізі» арнайы жоба
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарлама
00.35 «Сана» Ток-шоу
02.10 «Өмір көркем»

ХАБАР

05.00 Мегахит «Механик»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.35 М/с «Мишки-братишки. Снова вместе»
11.00, 20.00 «Келінжан-4»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Коломбиана»
17.00 «Бегом за деньгами»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Гүлдер жыламайды»
23.00 Сериал «Ребенок на миллион»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Бақыт құшағында»
14.00 «Жұлдызбысын»
15.30 «Аташка на хайпе»
17.40 «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
01.40 «Я-Пышка»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Подозрение»
14.10, 02.25 Новости
14.20, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Крепкие орешки»
23.25 «Триггер»
00.45 «Ментовские войны-3»
02.00 Сериал «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 «Арифметика подлости»
08.50 «Ночь после выпуска»
12.30 «Зинка-Москвичка»
16.30, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
00.00 Х/ф «Шеф-5»
01.50 «Беглянка»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.25 «Ай мен күн» телехикаясы
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Елге қызмет»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «QR.kz»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 91-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.10 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
10.30 Сериал «Потомки солнца»
12.00 Кино «Мой парень из зоопарка»
14.10 Кино «Джанго освобожденный»
18.10 Х/ф «Стюарт Литтл»
20.00 «Информбюро»
21.00 Х/ф «Бен-Гур»
23.40 Т/х «Зейнеп»
01.10, 04.60 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Открылось наследство после смерти Мырзабекова Сансызбая Саябаевича, умершего 07 июля 2022 года. Наследникам обращаться к нотариусу Арманову А.А., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, в срок до 07 января 2023 года.

Сейсенбі - Вторник, 1 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен»
15.15 «Тіршілік»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.30 «Берекет кілті-бейнет»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Уәде»
10.35 Мультсериал
11.00, 22.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Сериал «Ребенок на миллион»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 «Кто Ты?»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.40 «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
02.30 «Той жыры»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 23.25 «Триггер»
13.05 «Дом с лилиями»
14.00, 02.25 Новости
14.15, 03.15 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 04.10 Басты жаңалықтар
19.00, 03.25 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Крепкие орешки»
00.45 «Ментовские войны-3»
02.00 Сериал «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
10.10, 00.00 Х/ф «Шеф-5»
12.10 «Без тебя»
14.20 Х/ф «Страший следователь»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
01.50 «Беглянка»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «QR.kz»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 92-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Информбюро
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
12.10 «Потомки солнца»
13.40 «Бен-Гур»
16.20 Х/ф «Стюарт Литтл-2»
18.00 Х/ф «Шопо-Коп»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Охотник за головами»
23.30 Т/х «Зейнеп»
01.10 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What s upp
02.30 «Паутина»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 2 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10 «Зинһар»
15.15 «Рақымжан Қошқарбаев» деректі фильм
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн» қоғамдық бағдарламасы
00.40 «Сана»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
10.30 «Менің кітабым»
10.35 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.40 «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 23.25 Сериал «Триггер»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35, 02.25 Т/с «Крепкие орешки»
00.45 Т/с «Ментовкие войны-3»
02.00 «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықлар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
10.10, 00.00 Х/ф «Шеф-5»
12.10 «Без тебя»
14.20 Х/ф «Страший следователь»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
01.50 «Беглянка»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 93-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 «Әзіл студио»
06.30 «Заманауи мәдениет»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.50 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.30 «Потомки солнце»
13.00 «Стбарт Литтл-2»
14.50 «Ражденный стать королем»
17.30 Х/ф «Охотник за головами»
20.00 Информбюро
21.00 «Охотник на убийц»
23.00 Т/х «Зейнеп»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»
04.00 Т/х «Япырай»
05.00 «Қуырдақ»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

МАУСЫМДЫҚ ТҰМАУ ӨРШІП ТҰР

ЕЛІМІЗДІҢ БАРЛЫҚ ӨҢІРІНДЕ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯЛАР МЕН ТҰМАУДЫҢ ЭПИДЕМИЯЛЫҚ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ. БҮГІНДЕ ОЛ ХАЛЫҚ АРАСЫНДА ӨРШІП ТҰР. БҰЛ ДЕРТТІҢ ЖҰҚПАЛЫ ЕКЕНІ БӘРІМІЗГЕ БЕЛГІЛІ. СОНДЫҚТАН ЖЫЛЫ ЖҮРІП, САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫНА МӘН БЕРГЕН ЖӨН ЕКЕНІ АЙТАДЫ МАМАНДАР.

Талдықорған қалалық ШЖҚ «Жұқпалы аурулар ауруханасы» КМК-ның эпидемиолог дәрігері Айым Окаеваның айтуынша, эпидемиологиялық маусым басталғалы бері небәрі 3 аптаның ішінде ауруханаға ЖРВИ-мен 607 науқас келіп жүгінсе, оның 455-і ауруханаға жатқызылып, қалғаны амбулаториялық жағдайда қаралған. Аталған 455 науқастың 298-і балалар болып отыр. Жас ерекшеліктері бойынша *(1 жастан асқан балалардан бастап ересектерге дейін)* 38-39 С-ға дейін дене қызуының көтерілуімен, әлсіздену, сонымен қатар, құрғақ жөтел, тамақтың жыбырлауы, дауыстың қарлығуы кеуденің ашып ауруы секілді клиникалық белгілермен жүгінген. Оны ПТР әдісімен зерттеу үшін науқастан жағынды (мазок) алынады. Бүгінде вирустың В типімен 22 жағдай лабораториялық дәлелдеуден өтті. Бұл тек жұқпалы аурулар ауруханасы бойынша ғана, ал ол басқаларымен салыстырғанда өте үлкен көрсеткіш.

Маманның айтуынша, егер сырқаттанған адам дер кезінде емделсе, тұмаудан 5-7 күн ішінде айығып кетуге болады. Оның жеңіл және орташа ауыр түрлерін учаскелік немесе отбасылық дәрігердің бақылауымен үйде, ал ауыр және асқынған түрлері жұқпалы аурулар ауруханасында емделеді. Ең негізгі міндетті шарт науқасты оқшаулау, жеке басының гигиеналық тәртібін сақтау.

Тұмаумен және ЖРВИ-дың алдын алу үшін профилактикалық шараның ең маңыздысы ол – вакцинация. Сол үшін уақытылы екпе жасату керек және маскалық режимді сақтау маңызды.

Елімізде 1 қазаннан бастап тұмауға қарсы екпе салу шаралары

басталды.

Оны алған соң иммунитет 14 күннен кейін қалыптасады және маусым бойы 1 жылға дейін сақталады. Бұл тұста эпидемиолог дәрігер Айым Серікқызы былай дейді.

– Тұмауға қарсы екпе туралы айтпас бұрын, жалпы екпе дегеніміз не? Ол не үшін қажет және оның қалай жұмыс жасайтыны туралы қысқаша айтып өтейін. Екпе – адам ағзасын қауіпті инфекциялармен таныстырудың қауіпсіз әдісі. Белгілі бір микроорганизмнің (антигеннің) әлсіретілген немесе әсерсіздендірілген бөлшектері бар вакциналар ағзада иммундық реакция тудырады. Соның әсерінен вакцина қалыптастырған иммунитет әрі қарай ағзаны нақты инфекцияға кез болғанда қорғауға көмектеседі. Тұмауға қарсы екпе жылына бір рет тұмау және ЖРВИ эпидемиялық маусымының басталар алдында жүргізіледі.

Республика бойынша тұмаудың және ЖРВИ-дің таралуының алдын алу мақсатында ағымдағы жылдың 3 қазанынан бастап, халықты жаппай тұмауға қарсы егу шарасы басталды. Тұмауға қарсы екпе 6 айдан бастап балаларда, жасөспірімдерде және жас шамасы шектеусіз ересектерде тұмаудың спецификалық профилактикасы ретінде қолданылады. Вакцина әсіресе тұмау ауруы жағдайында асқынулар туындауының жоғары қаупі бар адамдарға, соның ішінде:

– 60 жастан асқан;

– мектепке дейінгі жастағы балалар, мектеп оқушылары;

– созылмалы соматикалық аурулардан, оның ішінде орталық жүйке, жүрек қантамыр және бронх-өкпе жүйелерінің ауруларынан және даму ақаулықтарынан, бронх демікпесінен, бүйректің созылмалы ауруларынан, қант диабетінен, зат алмасу ауруларынан, аутоиммунды аурулардан, созылмалы анемиясы, туа біткен немесе жүре пайда болған иммунитет тапшылығы бар, АИТВ-жұқтырғандар, ЖРА жиі ауыратын ересектер мен балалар және тағы басқаларына егуге кеңес беріледі.

Тағы бір ескеретін жағдай екпені қолдануға болмайтын жағдайлар да кездеседі. Мәселен, вакцина компоненттеріне аллергиялық реакциялар, жедел қызба жағдайлары немесе созылмалы аурудың өршуі (вакцинацияны сауыққаннан кейін немесе ремиссия кезеңінде жүргізеді), ауырлығы жеңіл дәрежедегі ЖРВИ кезінде, ішектің жедел ауруларында вакцинация температураны қалпына келтіргеннен кейін жүргізіледі, 6 айға дейінгі балалар, жүктіліктің бірінші триместрі кезеңдерінде вакцина салуға қатаң тыйым салынады.

Айта кетейік, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен вакцинацияны халықтың анағұрлым осал топтары алуға мүмкіндіктері бар. Бұл санатқа медицина қызметкерлері, медициналық ұйымдарда диспансерлік есепте тұрған балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарынан, сәбилер үйлерінен және эпидемиологиялық көрсетілімдер бойынша балалар жатады.

Сондай-ақ жұмыс берушілер мен халықтың жеке қаражаты есебінен екпе салу жүргізіледі. Вакцинация жүргізетін медициналық мекемелердің мекенжайларын тұрғылықты жері бойынша аумақтық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменттерінен және денсаулық сақтау басқармаларынан білуге болады.

Қала бойынша жедел-жәрдем бөлімі баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, эпидемиологиялық маусым басталғалы көп шақыртулар түсуде. Мәселен, бір аптаның ішінде жедел респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) бойынша 2879 шақырту келіп түскен. Оның 1162-сі ересектер болса, 1717-сі бала. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге өскен.

Осы орайда арнайы мамандар бөлмедегі ауаны желдету – инфекция қаупін азайтатындығын айтады. Егер аурудың басты белгілері – қызудың көтерілуі, тамақ ауру, әлсіздік болса, дәрігердің көмегіне жүгіну керек. Ауа-райы тұрақсыз болғандықтан әр уақытта жылы киініп жүру, жеке бас гигиенасын сақтау, иммунитетті көтеретін дәрумендер, жеміс-жидектер жеу қажет. Сонымен қатар белсенді өмір салтын ұстанған абзал. Сұйықтықты көп мөлшерде қабылдау да маусымдық ауруларды еңсеруге ықпал етеді. Қалай десек те «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеген» абзал-ақ.

Арайлым НҰРЖАПАР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

22 қазанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Астанада Ұлттық мереке – Республика күніне орай өткізілген салтанатты шара барысында сөйлеген сөзінде қазақ тілінің ахуалына да тоқталып: *«Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді»*, деп атап көрсетті. Демек, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтуге ешбір кедергі жоқ және «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қағидаға сай, оның көсегесін көгертіп, мәртебесін арттыра түсуді көп болып қолға алғанда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатыны айдан анық. Сондықтан осынау ортақ іске әркім шама-шарқы келгенше өз үлестерін қосса істің ілгері басары даусыз.

Бүгінгі таңда сот жүйесінде де мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру мақсатында маңызды мәселелер көтеріліп, көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Алайда бұл тұрғыда сот жүйесінде кездесіп келетін кемшін тұстардың да бар екені құпия емес.

Атап айтсақ, талап-арыздар, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер сотқа, қай тілде рәсімделіп, келіп түссе, сотта сол тілде қаралады. Оның бірден-бір себебі, заң кеңесшілері мен адвокаттар азаматтық істер бойынша орыс тілін жетік білмейтін немесе ойын жеткізе алмайтын қазақ азаматтарының сотқа талап арыздарын орыс тілінде дайындайды. Сонда жаңағы сотқа жүгініп отырған қарапайым адам сот процесінде іс жүргізу тілін түсінбейтін болғандықтан аудармашыны талап етуге мәжбүр болады. Мынадай жағдайлар да сот талқылауы барысында ұшырасып жатады. Дауласушы тараптар екеуі де қазақ ұлты бола тұра біреуі мемлекеттік тілді жетік білмейтінін айтып, заң терминдерінің қазақша нұсқаларын түсінбейтінін алға тартып, аудармашыны қатыстыруға өтінішхат береді. Ал, істі талқылау барысында айтыс-тартыс қызған шақта әлгі адам қазақ тілінде қызыл кеңірдек болып, өзінің уәждері мен дәлелдерін сотқа жеткізіп жатады. Қысқасы, аудармашы «жұмыссыз» отырып қалады. Содан, жаңағы адамнан «Қазақ тілін жақсы біледі екенсіз ғой» деп сұрағанда: «Кей сөздерді дұрыс айта алмай, тілім бұралып кетеді» деген сылтау айтады. Шынтуайтқа, келгенде мұндай істі аудармашы қатыстырмай-ақ, қарауға болатынына көзіміз жетіп жатады. Өкінішке орай, аудармашы таппай, осы тектес істерді созбалаңға салып, кейінге қалдырылып жататыны да рас. Сондықтан осындай жасанды жағдайлар да тіліміздің қолдану аясын кеңейтуге кедергі болып жатқаны құпия емес. Міне, сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсу үшін қолбайлаулар мен кемшіліктерге жол бермеу керек. Мемлекеттік тілді қолдану мен дамыту мәселесі төңірегінде мемлекеттік қызметкерлер, заңгерлер, судьялар, прокурорлар мен қорғаушылардың қатысуымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты жекелеген мәселелер үнемі ескеріліп айқындалып отырса нұр үстіне нұр болар еді. Осындай басқосулар арқылы орын алып келетін қарапайым кемшіліктер мен қолбайлауларды жоюға мүмкіндік туары анық.

Бақытжан СЕКЕРБЕКОВ,
Текелі қалалық сотының төрағасы.

МЕДИАЦИЯ

ТАРАПТАРҒА ТИІМДІ ТӘСІЛ

Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі болып табылады.

Деректерге сүйенсек, медиация шетелде алғаш рет отбасылық қатынастар аясында туындаған дау-дамайларда қолданыла бастаған көрінеді. Кейіннен ауқымды кикілжіңдер мен даулардың шешімін табуда кең қолдау тапқан медиация жергілікті қоғамдастықтардағы жанжалдан бастап, коммерциялық және көпшілік ауқымда туындаған күрделі әрі жан-жақты дауларға да «төрелік» жүргізе бастаған. Қазіргі таңда біздің елімізде де медиация осындай дау жанжалдар кезінде қолданылуда.

Тегінде, қарапайым халыққа түсінікті болу үшін жалпақ тілмен айтқанда деген ұғымды қалай түсінуге болады, оны қарапайым тілмен айтып түсіндірсек, дауласушы тараптардың бәрін қанағаттанарлықтай етіп ортақ шешім қабылдау және бұл мәселені сотқа жеткізбей бітімгершілік жолмен шешу деп түсіну керек. Демек, тараптарды айлар бойы әуре-сарсаңға түсірмей, шығынға ұшыратпай араларындағы кикілжіңді ушықтырмай екі жаққа тиімді болатындай етіп шешу жолымен тараптарды татуластыру деп түсінуге болады. Ал, осындай шешімге келу үшін екі тараптың арасында арағайын ретінде медиатор қызмет етеді.

Медиатор араздасушы екі жақпен де жеке-жеке әңгімелесіп, ушыққан жағдайды реттеудің, сауықтырудың барынша әділетті, ұтымды амалдарын қолданады. Қандай да бір тарап ымыраға келуден бас тартса, медиатор бұл күрделі жағдайды өзінің парасат-пайымы мен біліктілігі арқасында шебер шешуге тырысады. Атап айтқанда, келіспеуші тұлға үшін істі бұлайша насырға шаптырудан гөрі өзара тиімді, татуласу келіссөзіне бару оңтайлы болатындай жағдай қалыптасуы тиіс. Қалай десек те, кәсіби медиаторлардың алдына қойған басты мақсаты – кез келген проблемалық мәселелерді сотқа жүгінусіз-ақ, дауласушы тараптардың барлығына бірдей көзқарас таныта отырып, екі тарапқа да тиімді жағдайда шешу. Мұны даулы мәселені бейбіт жолмен шешу деуге де болады. Медиатордың судьядан айырмашылығы – медиатор жанжалға қатысушылармен болатын келіссөздерге белсенді қатыса алады, ал судья мұны жасай алмайды, ол араласпаушылық принципін ұстануға міндетті. Оның үстіне медиация арқылы қарау қысқа мерзімде аяқталады. Сондықтан медиация барлық жағынан сот саласында қолдануға тиімді болып отыр.

Бахытгүл МАДЫБЕКОВА,
Текелі қалалық сотының кеңсе меңгерушісі.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НОВЕЛЛА

ӨЛІМГЕ ДЕЙІН СОЗЫЛҒАН ОҢАША ӨМІР

Жазушы Дидар Амантайдың «Бақыт биохимиясы» атты романы көптеген новеллалардан тұрады. Бұлай жазу – қазіргі кезде дүниежүзі әдебиетінде қалыптасқан үрдіс көрінеді. Аталмыш романды құрайтын новеллалардың ішінен бірнешеуін таңдап оқырман назарына ұсынып отырмыз. Роман жекелеген новеллалардан тұрғанымен, тұтас туынды бір сюжеттік желіге құрылған.

Сол бір қытайдың біздің ауылға қашан көшіп келгені белгісіз, біз ес жиғалы қос доңғалақты ескі арбасын сүйретеді де жүреді, үнемі бірдеңе тасып келе жатады.

Шаруамен келе қалған елді үнсіз отырып тыңдайды. Көп сөйлеспейді де, бірақ, күллі ауылдың құрылысын, құрал-сайманын, архитектуралық-инженерлік жұмыстарын қытайдың өзі жүргізеді, атқарады.

Бұл әдепкі қытайдай емес, ұзын бойлы, қарулы, тұйық кісі еді. Қорыққанын, біреуге жағымпазданғанын көрген емеспіз, үнемі тәкаппар, еңселі, сабырлы. Шатақ шығарғанын, төбелес бастағанын да естіген жоқпыз, бейбіт адам-тұғын.

Он саусағынан өнер тамған ұста, шебер, көрікші. Тапсырманы алады, уақытын белгілейді, келіскен межеде барғанда, дайын тұрады. Тиеп береді немесе көлік табылмаса, арбасына салып өзі жеткізіп тастайды.

Ешқашан ештеңе уайымдамайды, әлде ішінде сақтайды, құлазып отырғанын, күйзеліп тұрғанын тірі жанға білдірмейді.

Украин әйелі бар, әдемі, екеуі қалай қосылғаны түсініксіз. Бір-бірімен қабыспайтын екі әлем. Жер мен көктей.

Қытай қазақтармен араласпайды – қонаққа шақырмайды, үйіне бармайды, нан ауыз тимейді. Тек жұмыс үстінде, бір нәрсені нақтылай түскенде, шолақ тіл қатысады, істің мән-жайын, мәселенің жай-жапсарын біліп, ақыл-кеңесін айтқан соң, қанден итін ертіп, арбасын дертесінен тартып сүйретіп, үйіне қайтады.

Ел атын да білмейді, бәрі қытай дейді, ол да сұқ, түзетпейді де, шын есімін ашпайды да, күллі жұрт ырза, балға сынғанда, орақ жүзін, шалғы тістерін қайрап, науқанға дайындағанда, арба жөндегенде, қамқор, тілеуқор, іскер.

Апта өтпей қалауың сөреде дайын жатады, іздегенің қорасынан табылады.

Тойда жүргенін, меймандарға еріп арақ ішкенін көрмеппіз. Қашанда сау, еңбекке жарамды, сапарға даяр, жалқаулықтан ада, тіленіп, сұранып тұрады, бейнеткор, жұмыстың үлкен-кішісі жоқ, жеңін түріп, білегін сыбанып, кірісіп кетеді.

Баласы болды ма, жоқ па, таза ұмытқан екенмін, нанға жұбайын жұмсайды, дүкенді өзі аралайды, үйі әдемі, ауласы таза, жинақы, сылағы жаңа, жазда қақпасын ашып кіріп барғанда, жерге су шашып қойғанын байқайтынбыз, бізге қатты әсер етуші еді.

Қазақтың бәрі үйіне кірмей, ауласынан қайтатын еді. Қандай дүние-мүлкі бар, ешкім білмейді, қонақты есіктен қарсы алады, табалдырықтан шығарып салады. Жеке өмірі құпия, жұрт қауесетті көп айтатын еді.

Күллі ауыл сырттай именетін, құрметі ерекше, беделі зор, сөзге сараң. Өзін әдепті ұстайтын. Мәдениетті кісі. Кездескенде, жолда ұшырасқанда қысқа ғана амандасатын, орысша, сосын, тоқтамаған қалпы қасыңнан өте шығады.

Әйелі де қазақтармен орыс тілінде сөйлесетін, ақ жарқын, ақ пейіл адам, екі арадағы елшідей көрінетін. Жұрт қытайдың жаңалығын украин жұбайынан білетін. Оның өзінде негізгі жайттар жабық күйінде қалады, сол ұсақ-түйек мәселелер қозғалады. Мысық жоғалып, итінен айырылып, марғау мен күшік іздеп жүргендерін әңгіме қылады.

Баламыз қалай елін сағынбайды, аңсамайды екен деп ойлайтынбыз. Әке-шешесі қайда, туған-туысқаны қайда, ағайын-жұрты қай жақта.

Өмірі де өзгеше. Бүкіл қазақ бір қытай бар екеніне үйреніп алған. Шаруаға епті, елге көмекші, өзі тыныш, тәртіпті.

Үйіне пошта келмейтін, газет-журнал жаздырып алдырмайтын. Өкіметтің де ісі жоқ. Зейнетақысыз өмір сүрді. Әйеліне Украинадан туыстары ақша аударып тұратын. Қазақ жасын сұрамаған соң, оның нешеде екенін жұрт сан-саққа жүгіртетін. Түріне қарасаңыз, бетінде әжім жоқ, қимылы ширақ, жүрісі жылдам.

Бірақ қазақтың күмәні көп-тұғын. Қашып келген қытай ма екен деп күдіктенетін алайда, жасырынған дәнеңесі жоқ, ашық, ел алдында ғұмыр кешті.

Үйі – қорғаны. Жан баласы кірген емес, ішінде құпия қойма бар шығар. Қазақтың бәрі сырын ашуға ұмтылды. Жерді қазып жіберіп, тапқан ақшасын тығатын орын жасап алды ма, бұл не, үйін неге көрсетпейді. Елдің жайы өз жағдайымыздан маңыздырақ.

Әрі жақын, әрі бөтен тұлға. Бәрін қызықтыратын.

Ол туралы жұрт бір күні елді тастап, келген жағына қайта оралады деп ойлайтын. Жиған-терген қаражатын жолға жұмсайды, қазір дайындық жүргізіп жатыр, көп тараған қауесет өтірік боп шықты, ол ешқайда кеткен жоқ, өмір бойы қазақтармен бірге, бір ауылда тұрды.

Мекенін ауыстырмады, тұрағын өзгертпеді. Біз оның үнемі ауылдан шықпайтынына да үйрендік.

Мектеп бітіріп, мен оқуға кеткенде, ол ауылда қалған еді. Шаруашылықтың құлдыраған, бүлінген, елдің азып-тозған, Одақтың ыдырап жатқан мезгілі, кейін халық жұмыс іздеп, шұбырып қалаларға көшті, ауылдағы қалыпты тіршілік бұзылды, үйлер қирады, қаражат тапшы кез, аласапыран заманда сол бір қытайдан көз жазып қалдым.

Көп уақыт өтті, алайда, елі де, ертеңі де белгісіз сол бір қытай мен үшін өмір бойы үлкен жұмбақ болып қалды.

Қазір өлген шығар, әлде тірі ме екен, бір Құдайға аян, бойынан қайрат кеміп, күш-қуаты азайғанда, өлерін алдын ала танып, құпия үйдің жұмбақтарын жойып жіберді ме екен, мүмкін, құпия ештеңесі жоқ шығар, бұл жай бір әншейін ұлттық үрдіс, қытайлық салт қана ма, кім білсін…

ҰЙҚЫДА

Бірдеңе топ ете қалды. Елең-алаң. Жел көтеріліп, терезелер шалқасынан ашылғанда, бөлме ішіне жібек самал құйылды. Өзімен бірге сырттан алма иісін ала келді.

Мен ояу жатырмын. Қараңғылықта мұрныма жеткен жемістің ғажап жұпары тұрып-тұрып әлсірей бастады, кенет жойылып, жаңбырдың иісі аңқыды. Сірә, жауын алдындағы жел алма сіңген, кең жайылған таза ауаны қайыра тысқа айдап әкетті.

Әлде, мен ұйықтап кеттім бе екен. Көзімді ашсам, таң себезгілеп атып келеді. Күннің өзі жоқ, шапағы жүзіме түседі. Тау арасынан жарқырап көріне беріп, шың-құздардың артына жасырынады, келесі сәт басқа тұсынан аңдыздап шашырайды.

Жаңбыр жаумай өте шыққан тәрізді. Мен Шағи, Шахия, Шаһизатты… ойлап жатырмын. Әдемі еді, маңдайға сыймады. Тағдыры сойқан болды. Гүлдей құлпырған шағында ерте солды. Зылиха ше, Қамария, Лимара, Нелуфар, Севиндж.

Ойлағым келмейді. Ұзақ жатамын, сосын, ас әкеледі. Одан түскі асты күтіп… түскі астан соң, кешкі асты тосамын, ұйықтар алдында айран ұсынады.

Кейде тәбетім шаппайды, быламық, сорпа көже, ет, күріш, кеспе, палау, дәм ауысып отырады, ішпеген күндері қасымда, шкаф үстінде суып тұрады, мейірбикелер сыпайы, бірақ сөзге сараң, күлкіге – мырза. Езу тартып ұзап бара жатқаны.

Алма иісі қайта шықты. Кәрі ағаш бұтағымен терезеден бөлмеге кіріп тұрған сияқты.

Таң атпай қойды. Көшеге шыға бастаған жұрт асыға басады. Қыз-

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗЕРДЕ

келіншек төпілиінің тасқа тиген біз өкшелерінің тықылы қатты естіледі. Қала ерте оянады, кеш жатады.

Ауылға көшемін. Гүл өсіремін, мал бағамын, жылқы ұстаймын. Бірақ еркениет қызығынан, пәтер қолайлылығынан, жол даңғылынан қалай, қайда қашасың. Күні ұзақ мал соңында жүру де оңай емес. Күтімін айтсаңшы, ата-бабаларымыз қандай бейнетқор, қаһарман болған.

Жетісуға сіндік. Жер жәннаты, ел көркі.

Қазақтың бар өлкесі ыстық, Алаш баласына төрт тарапта көшіп-қонып өмір сүрсе де жарасымды, ғанибет, тамаша.

Күн шықты. Дәліз тірілді. Әрі-бері жүрген жұрт қарасы көбейе бастады. Тықыл күшейді.

Өмір сүргім келеді.

Жазуға құштармын. Қалам бақыты – жазуда, қағаз бақыты – оқуда. Қанша ұстайтыны белгісіз.

Түнде алма иісін күтіп жатамын. Кей уақ кешігіп жетеді. Тіпті таң атқанша келмей қоятыны бар, сол кезде ауа райы болжамын қараймын, жаңбырды іздеймін, бұлт қаптап, жел соқса, терезелер ашылып, самал кіреді. Ол маған алманың ұшан-теңіз иісін әкеледі.

СЫҒАНДАР

Құба жон, қыр етегінде өзен-сайларды жағалап, қоңсы отырған көп ауылдың біріне көш түзеп сығандар келді. Киіз үйлерден қашық, оқшау ойпаңда, бір-біріне қатар-қатар орналасты, өзен бойына тізіле қонды.

Қызыл іңір ауып, қас қарайып, кірпік үйіріле бастаған мезгіл, жұрт алыстан қарап тұрды. Қанша санаса да дәл санына ешкім жеткен жоқ. Қарақұрым бәрі жабыла бірнеше шатыр тігіп жатыр. Әйелдер қауымы жылқыны тұсап жіберіп, пәуеске, арбаларынан бір сағат ішінде нығыз тиелген бүкіл жүкті түсіріп үлгерді. Шулап жатқан бейсауат жүрген ешкім жоқ. Бәрінде бір жұмыс. Біреуі де бос емес. Тегіс еңбекқор. Әкесі сырық көтерсе, баласы сырғауыл байлап жатады.

Биік күркелері бой көтерген кезде, қолдары босап, енді сығандар қазақ ауылдарына қарай бастады.

Қазақтар мал ұрлап, жылқы айдап кете ме деп қорықты. Сығандар көп болса да, тез жиналып, орындарынан қопарыла, тік көтеріліп, дүркіреп көше жөнелуі мүмкін.

Жолға шықса ұстатпай кетеді. Алғанын бермейді, шапқанды қанжарға қадап, найзаға піседі.

Сығандар – ержүрек халық. Еркін жұрт. Жүйрікті қазақтай сүйеді. Бар өмірі – жолда, сапарда, бір сәт кідірмейді. Алда күткен арманы жоқ. Өмірінің мұраты – үзілмеген ән, іркілмеген сөз, ірге бекітпеген салт. Көргені қимыл, қозғалыс, әрекет.

Қазақтың да көші күшпен тоқтатылды. Қыстаудан қора, жайлаудан жайылым қалмады. Жан-жақтан қысты, есіл жұрт, қайран елді қынадай қырды, баудай түсірді. Көзін жойды, айдады, абақтыға жапты, түрмеге қамады, ең ақырында жартысынан көбі опат болды.

Бірақ сағыныш кеудесін кернеді. Көңілі сайын даланы аңсады, сары жұртын қимады. Колхозға тықты, қалаға жібермеді. Төлқұжатсыз селоға байланды.

Көш әуені көкірегінде қалды.

Қария сығандарға қарап отыр. Әзір күдікті ештеңе жоқ. Ұры біткен апақ-сапақты жақсы көреді. Әдетте, қарбаласта қол сұққанды байқай алмай, қағып, іліп кеткенді көре алмай наразы.

Қазақ өзгерді. Елімайлап өткен өмірден бір белгі бар ма, рәсуа, тып-типыл, бір күндік сәуленің қараңғылығы ұзақ екен, жарқ етеді де жоқ болады. Әр жарқылдың тағдыры да бірыңғай, мағынасы еш, бейнеті бекер, мехнаты зая, қатар туады, бірге жүреді, бөлек өледі.

Қонсы қонған күллі ауыл бас қосып, мәжіліс құрды. Шапқан жаудан жаман дұшпан ішіндегі әккісі, ие бермейді, қазынаңа қол салады, жеріңді еркін жайлайды, қылығына еріксіз көнесің.

Мәжілістен соң қора біткенге күзет қойылды, жорық-жортуылға мінетін жылқыны ауылға таяу ұстады, шұғыл шаруаға дайын бірді-екілі қаңтарылған

аттар кермелерге байланды.

Түн тыныш өтті. Алауларын қоршап, ән айтты. Би де биленді. Әуендері бірде жылап-сықтайды, бірде дүрмекке ілесіп шауып келе жатқан ат дүбірін, қыр астынан шыққан жау қиқуын естисің.

Бозбала жігіттер қатты құмартты. Отқа барып, сығанның пері қыздарын көргісі келді. Сұлу дейді, көздері тостаған дейді, белдері қыпша дейді. Екі жағына кезек аунаған, селкілдеген омырауы ше… Бірақ қызын бермейді екен. Сыған – сығанға үйленеді, қызы өздеріне тиеді, өзгені араластырмайды.

От түні бойы жанды.

Сығандарға киіз үйдің тұс-тұсынан сығалады. Жасы аңдыды, кәрісі шын екеңдігі аса күмәнді аңыз-әңгімелер шертті.

Бір кезде сығандар суға түсіп жатыр екен деген хабар жетті. Ауылдың есі шықты. Барса болмай ма, көрсе болмай ма, дүрліктіріп алмаймыз ба, жауласып қалмаймыз ба.

Іле-шала жалаңаш шомылып жатыр деген жаңа ақпар келді. Жігіттер сабырынан айрылды, дегбірі қашты, шыдамсыздана бастады, қонғаны – біздің жер, рұқсат сұраған жоқ, баса-көктеп кірді, елдің шетін, ата-бабамыздың киелі өлкесін, атамекенімізді басып алды, кетіңдер деп талап қояйық, дастарханына шақырып қалар деп үміттенді, асынан дәметті – қандай екен, не пісіріп жейді, қызық көрді.

Талас күшейді, шатырына барайық десті қызу қандылары, сумен ағып келейік десті тапқырлары, өзенді алыстан кесіп өтіп, ар қабақтан жақындайық десті еңбекқорлары.

Жоқ, деді үлкені, кәдімгідей тура бара салайық деп түйді. Енді бәйбішетоқалдар оянды, іс қиындады, бізді жатқызып, ұйықтатып тастап, қай салдақыларға барайын деп жүрсіңдер, елден ұят, қаңғып келген сыған әйелдерінің қойнынан іздейік пе, енді қалғаны.

Киініп үлгермегендер де бар екен, тесектен тұра сала араласа жөнелгендер іш киімшең күйі сойыл ұстап жүгіріп жүр. Әйелдер таяқтарымен шықты. Күйеулері басына күн туды, қара аспан төнді, бұлт қаптады, бұрыш-бұрышты жағалап, қалтарыс-бұрталыстарды тінтіп қарады. Ауылды екі-үш айналып, ши түбінен, жықпыл ішінен тауып алды, жонына қамшы салды, арқасынан таспа тілді, кіреберіске іліп қоямын, қорлаймын, күлкі қылдырамын деп қорқытып, зәресін ұшырып, қарғысын да аямай үйіп-төгіп, алдына сап айдап келе жатыр, жүрегін ұстап, босағада құлап жатқандар да бар, ауыл маңайы азан-қазан, сығандар, керісінше, бізді шапқан сияқты.

Ел аяғы басылды. Басы бостар ғана қалды. Оның өзінде, анасынан тығылып басын арашалап алғандар. Ұзын-саны үш-төртеу.

Жайлап басып, шатырларға келе жатыр. От сөнген, жұрт ұйқыда. Біренсаран сыған ақырын гитара шертіп отыр. Иегімен меңзеп, орын ұсынды. Сосын, әнін шырқап кетті. Құйқылжып қиядан шықты, сорғалап төмен ақты. Құстай самғады, қасқалдақтай ұшты.

Қазақ жігіттері жылап отыр. Қандай ән, қандай дауыс!.. Шынымен, Алаш салатын саз, сақара шырқайтын әуен екен. Қайырмасы қозы көш жерден естіледі, үлкен шығарма екені көрініп тұр. Қазақ пен сыған құшақтасып, қосыла айтып, бір-бірін танып, тамыр болды. Біз де, Сіз де желмен жарысқан сәйгүлікті сүйеміз, қысы-жазы көлік, жалғыздықта серік, қуанышта дос, қайран, арғымақтарым. Табордың алдына бір үйір жылқы салып берсе де болады екен. Гитара қайта күңіреніп, күркіреген үні алагеуім шақ түн жарып анық шықты. Ішектерін алақанымен ұрып тартқан сәт, көкжиектен сыз берді, теңірек ағара бастады. Әйелдер көздерін сығырайтып ашып, күйеулерін көрді де, қайта қалың ұйқыға кетті.

Үш бозбала таң ата ауылға көңілі бұзылып қайтты. Сұлуын көрмесе де, сұлу әнін тыңдады, жібектей мінезіне, қонақжай қасиетіне, асқан талантына тәнті болды.

Ертеңіне жәрмеңке ашылды. Бір топ сыған ән оздырып, саудаға шақырды. Қазақтар орамал басына түйген ақшасын ұқыптап қайта санап, сатуға әкеле жатқан малын жетектеп, ойпаңға құлады. Желден пана қыр етегіне, сай-салаға халық құйылды. Аз уақыт ішінде алыс-жақын жердегі құлақтанған кірешілер қаптады, қара бұқара лық толды.

Бұлы көп, темір-терсегі, асыл тасы мол арбалар ортаға қойылды. Інжумаржан, алтын-күміс, зүбаржат, лағыл, қой да, қозы да айырбасталып жатыр. Адам тағдырын, өмір жолын, қызық-қуанышын, қайғы-қасіретін дәл болжаған көріпкелдер алды бір сәт босамайды, ұзыннан-ұзақ кезек, талас, қазақ бәрін көргісі, білгісі келеді.

Енді жібек шүберектерге мұқият орап салған жәшік-жәшік айналарын шығарды. Шешелеріне етегіне жабысып еріп келген майда бала, ақжарқын сәбилер бір-біріне жарық түсіріп ойнай бастады.

Қария мазасызданып отыр. Ұлына бір сыған не ерте асылып өлесің, не кісі өлтіресің депті. Екеуі де ауыр күнә. Өзі сығанға, ел елегізіп, жұрт күтіп жүрген ерен адам – мен, әлемді билеймін, депті.

Күн тас төбеден құлағанда, сауда азайды. Бірді-екілі адам ғана қалды. Сығандар жиған-терген арбаға артып, алған малын соңынан байлап, батысқа бет түзеді. Батып бара жатқан күн табағына бейнеленген көш алау оттың ішінде өртеніп жатқандай көрінді.

Бүкіл қызықты өзімен бірге ала кетті. Қызу сауда туғызған көңіл күй, мереке-мейрам шағын ауылды тастап жүре берді. Қуаныш та көшпелі. Бір күн өткен соң ғана өзіне-өзі келген ауыл жәрмеңкені қырық жыл айтысты. Жылдан-жылға көлемі ұлғайды, уақыты ұзарды, қатысқан, сауда жасаған бұқара саны көбейді.

Сығандар ауыл іргесіне жәрмеңке құрып, шатыр тігіп, қазақ өмірін екіге бөліп кетті. Келесі жәрмеңке келгенше…

qazaqadebieti.kz. сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

ПОДПИСАЛИ «КОДЕКС ДОБРОВОЛЬНЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ»

ПО СООБЩЕНИЮ ПРЕСС-СЛУЖБЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, НА ПЛОЩАДКЕ АЛМАТИНСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ АССОЦИАЦИЯ ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ БЕЗАЛКОГОЛЬНЫХ НАПИТКОВ И СОКОВ РК ВНОВЬ ОБРАТИЛАСЬ К ПРАВИТЕЛЬСТВУ КАЗАХСТАНА С ПРОСЬБОЙ НЕ ВВОДИТЬ АКЦИЗ НА САХАРОСОДЕРЖАЩИЕ НАПИТКИ. ВЕДУЩИЕ ПРОИЗВОДИТЕЛИ САХАРОСОДЕРЖАЩИХ НАПИТКОВ ПРОСЯТ ГОСУДАРСТВО НЕ ВВОДИТЬ АКЦИЗ.

Модератор встречи, директор палаты предпринимателей города Алматы Айтуар Кошмамбетов напомнил, что в июле текущего года состоялось заседание Ассоциации по Кодексу добровольных обязательств ответственных производителей безалкогольных напитков соков РК. Целью встречи было определить готовность компаний для подписания компаниями, входящими в Ассоциацию Кодекса.

«Многие знают, что Ассоциация производителей безалкогольных напитков и соков РК неоднократно обращалась в вышестоящие органы власти, по решению вопроса введения акциза на сахаросодержащие напитки, который инициируется Минздравом РК и заложен в плане мероприятий на 2023 г. к проекту Здоровая нация. Ассоциация писала письма с подробными объяснениями, почему и каким образом введение акциза негативно повлияет на отрасль и экономику Казахстана в целом.

НПП не поддерживает предлагаемые меры, учитывая сложную экономическую ситуацию. В данных условиях эффективным инструментом является саморегулирование отрасли, когда компании делают шаг на встречу к государству, чтобы государство тоже услышало индустрию и не вводило акцизный налог на сахаросодержащие напитки в Казахстане», – отметил Айтуар Кошмамбетов.

Ассоциация представила результаты исследования, проведенного Агентством маркетинговых решений «JD EXPERT» в 14 областях и 3 городах республиканского значения в этом году. Исследование выявило, что 99% респондентов отметили увеличение стоимости стандартной покупки продуктов в месяц относительно 2-3 лет назад. 40% сказали, что стоимость продуктов выросла в 2 раза и более. Участники исследования отметили, что они снизили объем закупа во всех категориях продуктов. Наиболее сильно пострадали продукты сладкой категории: торты, напитки, сладкая молочка, печенье – до 70% респондентов говорят о частичном или полном отказе от этой категории товаров.

Ассоциация считает, что введение акциза на сахаросодержащие напитки станет убийственным ударом для бизнеса. Глава Ассоциации Алия Мамытбаева отметила, что государственные органы в лице Министерства здравоохранения при поддержке Министерства финансов и национальной экономики по сути предлагают меры уничтожения целой отрасли реального сектора, а положительного эффекта на здоровье нации данная мера не окажет.

Напомним, что 12 октября 2021 года был утвержден Нацпроект «Здоровая нация», в рамках которого имеется мероприятие по введению акциза на сахаросодержащие напитки с 2023 года со ставками 2023 г. – 20%, 2024 г. – 35%, 2025 г. – 45%.

Согласно исследованиям, большие налоги на сладкие соки и газированные напитки - от 20% до 45% - на деле не дают ожидаемого эффекта с точки зрения борьбы с лишним весом. Потребители переходят на более дешевые, но не менее калорийные продукты. Саморегулирование отрасли признано международными институтами одной из наиболее эффективных мер в борьбе с неинфекционными заболеваниями.

В рамках такого подхода девять ведущих производителей и импортеров безалкогольных напитков в Казахстане, входящих в Ассоциацию производителей безалкогольных напитков и соков РК, подписали «Кодекс добровольных обязательств». Компании обязались снизить среднее содержание добавленного сахара в консолидированном портфолио напитков всех участников на 10% до конца 2026 года. Кодекс при участии Национальной палаты предпринимателей РК «Атамекен» подписали компании Coca-Cola, Galanz Bottlers (бренды Maxi Чай, Laimon и другие), Gorilla Asia, Red Bull, Завод безалкогольных напитков ВИ-Зит (бренды Буратино, Легенда, Aquas и другие), ТОО «Жигалма» (бренд «Компотай»), Либелла Ботлерс (бренды Натура, Libella, Купеческий, Настоящий Квас, Extreme Energy и другие), ТОО «Pure Pack» и ТОО «Рикс» (бренды Dizzy и Generation Z).

Кодекс определяет добровольные правила в отношении базовых принципов и подходов к составу, маркировке и маркетингу безалкогольных напитков (включая рекламу и продвижение на рынке). Компании договорились усилить работу над рецептурой своих напитков, чтобы предлагать потребителям широкую линейку различных продуктов и вкусов, включающих в том числе бескалорийные опции. Производители обязались до конца 2026 года дополнить свой портфель малыми форматами упаковки (0,5 литра или менее) и размещать на упаковке своих напитков полную и достоверную информацию о составе напитка, доступную и понятную для потребителей.

В вопросах продвижения и рекламы подписанты кодекса обязались не размещать рекламу безалкогольных напитков на телевидении, радио или в печатных СМИ, целевая аудитория которых состоит преимущественно из детей до 12 лет. В близости от школ, а также образовательных и культурно-досуговых заведений, ориентированных на работу с детьми до 12 лет, бесплатное представление, дегустация безалкогольных напитков не будет производиться.

Ассоциация производителей безалкогольных напитков и соков РК, а также компании, подписавшие Кодекс, призвали всех остальных производителей безалкогольных напитков принять сформулированные в Кодексе обязательства и способствовать их скорейшему и полноценному внедрению в рыночную практику.

«В нынешних тяжелых экономических условиях члены Ассоциации предлагают не накладывать на производителей и население дополнительный акцизный налог на напитки. Цены на продукты питания, напитки и так повышаются из-за роста цен на сырье, около 70% которого – импортное, усложнения логистических цепочек и роста курса доллара и евро. Если государство хочет поддержать отечественное производство напитков, а также сахарную отрасль, где в ближайшее время планируется построить ещё один завод и полностью обеспечивать страну местным сахаром, то мы предлагаем решить вопрос путём саморегулирования отрасли. Некоторые европейские страны, такие как Великобритания, Норвегия, уже начали отменять введённые ранее налоги на безалкогольные напитки, чтобы поддержать своих производителей», - отметила Алия Мамытбаева, Президент Ассоциации производителей безалкогольных напитков и соков РК.

Алия Мамытбаева отметила, что решение о сокращении сахара далось производителям нелегко. «Сахар в напитках выполняет роль не только гармонизатора вкуса, но и консерванта, стабилизатора. Можно выбрать, сколько ложек сахара положить себе в чай, кофе или компот, которые вы сварили дома, но в случае с бутилированными напитками это не работает. Невозможно просто убрать какое-то количество сахара из произведенного на заводе напитка, не нарушив его вкусовые качества и срок хранения. Казахстанские потребители любят сладкие напитки, поэтому для сохранения сладости необходимо добавлять сахарозаменители. Срок годности такого напитка сразу сокращается практически вдвое. Не все производители могут позволить себе разработку новых рецептур. Это – догоростоящий и длительный процесс. Однако, индустрия пошла на это, чтобы поддержать программу «Здоровая Нация».

НАШ КОРР.

РЫНОК

В БЛИЖАЙШЕЕ ВРЕМЯ ДЕФИЦИТА САХАРА НЕ БУДЕТ

В ближайшее время дефицита сахара не будет, а цены на него могут снизиться. Об этом заявил председатель Комитета торговли Министерства торговли и интеграции Ержан Казанбаев, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«К 2028 году увеличится объем сахара из свеклы собственного производства. В ближайшее время дефицит не повторится, как это было в начале года. Цена на сахар составит 500−510 тенге. Если вырастут объемы сахара из собственной свеклы, то цены на сахар снизятся», — сказал Ержан Казанбаев журналистам в рамках подписания меморандума в Астане.

Он уточнил, что до конца текущего года сырье для производства сахара будет импортировано из зарубежных стран. А к 2028 году Казахстан планирует увеличить посевные площади сахарной свеклы.

В столице ранее подписан меморандум о сотрудничестве по сдерживанию цен на сахар на территории Республики Казахстан. Как сообщили в министерстве торговли и интеграции, документ позволит стабилизировать цены на сахар, обеспечить продовольственную безопасность и развить сахарную отрасль в стране.

Бейсенбі - Четверг, 3 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 03.35 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10, 17.15 «Қызық екен...»
15.15 «Аққан жұлдыз»
15.45 Т/х «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»
01.50 Футбол

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Менің өмірім»
10.25 «Менің кітабым»
10.30 Мультсериал
11.00, 20.00 Т/х «Гүлдер жыламайды»
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
14.55 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Т/х «Ене»
11.30, 23.50 «Шырмалған шыңдық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.40 «Кішкентай келін»
18.40 «Ана»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шыңдық»
03.15 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той базар»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.50 «На самом деле»
12.00, 02.25 Сериал «Триггер»
13.05 «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Т/с «Крепкие орешки»
00.45 Т/с «Ментовские войны-3»
02.00 «Вепрь»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
10.10, 00.00 Х/ф «Шеф-5»
12.10 «Без тебя»
14.20 Х/ф «Страший следователь»
16.20, 02.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф «Без тебя»
01.50 «Беглянка»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы области)
10.30 Новости (Жетісу области)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 94-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 «Әзіл студио»
06.30 «Заманауи мәдениет»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.50 Сериал «Анупама»
10.00, 10.30 Мультсериал
11.30 «Потомки солнце»
13.00 «Ражденный стать королем»
15.40 Х/ф «Охотоник на убийц»
17.40 «Полицейская история»
20.00 Информбюро
21.00 «Ямакаси новые самураи»
23.00 Т/х «Зейнеп»
01.40 «31 әзіл»
02.00, 04.30 What's up?
02.30 Сериал «Паутина»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 «Bala batlle»
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Пәленшеевтер»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Т/с «Женский доктор»
10.00, 19.30 Сериал «Смерть в объективе»
14.00, 23.00 «Жалдамалы әйелдер»
15.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
03.00 «Жайдарман»
04.00 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 4 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Күйеу бала-2»
14.10 «Бірегей»
15.15 Жаңа Қазақстан
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.15 «Ауылдастар»
20.30 «Ашық алаң»
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
00.35 «Сана»
02.10 Өмір көркем
03.00 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 «Менің кітабым»
10.35 «Невероятные приключение Нильса»
11.00, 22.00 «Гүлдер жыламайды»
12.00, 20.00 «Мелек»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
23.00 Мегахит «Однажды в стокгольме»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Ене»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 Президент пәрмені
14.50 «Окно жизни»
17.40 «Кішкентай келін»
18.40 Т/х «Ана»
20.00 «Астана таймс»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Шырмалған шыңдық»
01.40 Т/с «Окно жизни»
03.15 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
12.00 Сериал «Триггер»
13.10 Сериал «Дом с лилиями»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Кослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 «Пара из будущего»
00.30 «Фантастика»
03.00 Жаңалықтар
03.10 «Ұшқалақ»
03.25 «Басты жаңалықтар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «КТК қоржынынан»
07.20 Кешкі жаңалықтар
07.50 «Жат туыстар»
09.30 Вечерние новости
10.10 Шеф-5
12.10 «Без тебя»
14.20 «Старший следователь»
16.30 «Зәкира»
17.30 Т/х «Жүрегімнің иесі»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК- web »
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лютый»
01.40 «Старший следователь»
03.25 «Дау-дамайсыз»
03.50 «КТК-web»
04.10, 04.40 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 «Бір туған» телехикаясы
12.45 «Әсем әуен»
13.00 «Жаңа Қазақстан»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «AgroLife»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Бір туған» телехикаясы 95-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
06.30 «Заманауи мәдениет»
07.00 «Таңсәрі»
09.00, 00.00 «Анупама»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 М/с «Царевны»
10.30 «Маша и медведь»
11.30 «Потомки солнца»сериал
13.00 Х/ф «Ямакаси: новые самураи»
15.00 Х/ф «Полицейская история»
17.20 «Полицейская история-2»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Мой шпион»
23.00 Т/х «Зейнеп»
01.00 «31 әзіл»
02.20 Паутина
03.10 «1001 әзіл»
04.30 What's Up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.10, 12.30 Т\х «Пәленшеевтер»
07.10,01.00 Т/Х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.00, 17.20 Сериал «Женский доктор»
10.10 Сериал «Смерть в обьективе»
14.00, 23.00 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
15.00, 22.00 Т/х «Ауыл дәрігері»
16.10, 00.00 Сериал «Дылды»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия-7»
19.30 Х\ф «Плохая соседка»
03.00 Жайдарман
04.00 Т/Х «Япырай»

Сенбі - Суббота, 5 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 «Күміс көмей»
07.15, 20.00, 01.15 Ақпарат
07.50, 02.45 «Зинһар»
08.35, 15.25 «Көңіл толқыны»
09.25 «Әйел әлемі»
09.55 «Ырыстың қазығы»
10.00,18.00 Т\х «Жүректегі күз»
12.00 «Әзіл әлемі»
14.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы-2»
16.15 «Арнайы жоба»
16.45 «Нартәуекел»
20.30 «Достығымыз жарасқан» концерт
22.30 Т\Х «Бауырлар»
23.30 К/ф «Шырақшы»
01.40 Д/ф «Әлемді өзгерткен идеялар»
02.25 Арнайы жоба

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт
08.00 Мегахит «Однажды в стокгольме»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 Д/ф «Көмбе»
11.00 Заезжай и живи
12.00 «Дарын»
13.00 М/ф «Близзард»
14.30 М/с «Невероятные приключения Нильса»
15.00 «Шах сарайының құпиялары»
16.30 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Д/ф «Бұл осылай болған еді»
23.15 Мегахит «Приказано: уничтожить»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 Х/ф «Казахское ханство. Алмазный меч»
14.00 «Алдараспан»
17.30 «Бақыт құшағында»
18.10 «Той жыры: Беркут и Аиша»
18.40 «Жұлдызбысың»
20.00 «Сапар таймс» апталық сараптамалық
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.30 «Көру керек!»
01.00 Х/ф «Гламур для дур»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.30 «П@утина»
08.25 «Проуют»
09.30 Х/ф «Тэли и Толи»
11.25 Сериал «Сердце не обманет, сердце не предаст»
16.00 «Пара из будущего»
18.30 «Айна»
19.00 Х/ф «Х фактор»
20.00 Сериал «Не оглядывайся назад»
00.30 «Честь самурая»
02.40 Премьера «Поехали»
03.25 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Т/х«Үлкен үй-2»
07.40 «Озат отбасы»
08.30 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина», шоу-программа
11.20 «Лютый» остросюжетный детектив
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
16.40 «Борец»
21.00 «Лютый» остросюжетный детектив
01.00 «Старший следователь»
02.40 «Аталар сөзі»
03.55, 04.20 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 «Қазақ үні»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 02.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.20 Х/ф «Жестокая судьба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
11.50 Х/ф «Человек паук: через вселенные»
14.30 Х/ф «Мой шпион»
16.40 Х/ф «Жена не стена»
18.35 Х/ф «Головоломка»
20.30 Х/ф «Мстители: эра Альтрона»
23.30 «Bizdin show»
01.00 «What's up?»
03.00 «Тамаша лайв»
05.00 «1001 әзіл»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00, 01.20 «Жайдарман»
08.30, 00.50 «Құтты қонақ»
09.00 «Гадалка»
09.40 «Регина+1»
10.30 «Орел и решка»
11.30 «Измайловский парк»
13.50 «Сәлем, Қазақстан!»
15.30 Т/х «Бастық боламын»
16.30 Сериал «Семья и немного справедливости»
21.00 Шоу «Битва поколений!»
22.40 Х/ф «Телохранитель»
03.20 Т/х «Япырай»
04.00 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 6 қараша

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.30 Ақпарат
07.00, 03.00 «Күй-керуен»
07.30 Д/ф «Дәуір даналары»
08.20 «Ақсауыт»
08.45, 22.00 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Ойыншықтар хикаясы-2»
13.25 «Шырақшы»
15.10 «Сағындырған әндер-ай» концерті
17.25 «Тіршілік»
20.00 «Апта»
20.50 «Нартәуекел» телевикторина
22.30 Телехикая «Бауырлар»
23.30 «Әзіл әлемі»
00.30 «Апта»
01.20 «Ақсауыт»
01.40 «Әлемді өзгерткен идеялар»
02.25 «Тіршілік»

ХАБАР

05.00 Қызық таймс
06.00 Концерт
08.00 Мегахит «Приказано: уничтожить»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 М/ф «Маленький большой герой»
14.30 М\с «Невероятные приключения Нильса»
15.00 Т/х «Шах сарайының құпиялары»
17.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
17.30 «Жеті қазына»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 «Культурный контекст»
23.15 Мегахит «Ночная бригада»
01.00 ҚР Әнұраны

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Дастан»
10.25 «Жұлдызбысың»
12.00 «Гламур для дур»
14.00 «Шаншар»
17.00 «Уақыт келді»
18.10 Х/ф «Казахское ханство. Золотой трон.»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.50 Х/ф «Загадай желание»
01.50 Х/ф «Жетімдер»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.40, 02.40 «П@утина»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 «Повара на колесах»
10.00 «Каймак»
10.35 «КВН-2022»
13.30 «Х-фактор»
14.40 Сериал «Не оглядывайся назад»
18.55 «Добрый вечер.Казахстан!»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Все что захочешь»
01.30 «Что? Где? Когда?»
02.40 «П@утина»
03.25 «Той заказ»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Ән мен әнші»
08.10 «Озат отбасы»
09.00 «Юморина»
11.30 «Лютый»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.00 «Мои дорогие» мелодрама
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Семья»
00.00 Мелодрама «Старший следователь»
02.00 Т/х «Аталар сөзі»
03.00 «Озат отбасы»
03.45, 04.20 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
16.00 «Мамандық маңызы»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.50 «Ай мен күн телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Менің әлкем» концерті/ Алтын Махамбетова

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00, 02.00 «Тамаша лайф»
08.00, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күлің ал»
09.00 «Телефинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «Человек паук: через вселенные»
12.40 Х/ф «Жена не стена»
14.40 Х/ф «Головоломка»
16.40 Х/ф «Мстители: Эра Альтрона»
19.40 Х/ф «Рокки Бальбоа»
21.50 Х/ф «Патруль времени»
00.00 «Алдараспан»
03.00, 05.30 «What's up?»
04.00 1001 әзіл
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.50 «Қуырдақ»
06.50 «Опма-опмай» концерт
08.30, 01.15 «Құтты қонақ»
09.00 «Измайловский парк»
11.50 Шоу «Битва поколений»
15.20 Т/х «Бастық боламын»
18.40 «Телохранитель»
21.00 Сериал «Исправленному верить. Паутина»
01.50 Жайдарман
02.50 Т/х «Япырай»
03.50 «Тамаша»

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАСИЕТТІ МҰРА

ТІЛ – МӘҢГІЛІК МИРАС

АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙТЫН, ПІКІР АЛЫСАТЫН, СЫРЛАСЫП-ТҮСІНІСЕТІН МӘРТЕБЕСІ МӘҢГІЛІК БИІК ТҰРАТЫН ҚАСИЕТТІ ҚҰРАЛЫМЫЗ ӘРІ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ, ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ, ӨТКЕНІ МЕН КЕЛЕШЕГІМІЗДІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ҚҰРЫШТАЙ ҚУАТТЫ ҚАРУЫ, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ӨСІП-ӨРКЕНДЕУІ БАРЫСЫНДА СҮЙЕНЕТІН ТҮПКІ ДІҢІ МЕН ТАМЫРЫ МЫҚТЫСЫ ДА, СЫЙЫНАТЫН ТӘҢІРІМІЗ ДЕ – АНА ТІЛІМІЗ. ОЛ ХАЛЫҚТЫҢ ЖАНЫ, СӘНІ, ТҰТАСТАЙ КЕСКІН-КЕЛБЕТІ.

Ұлттық үрдістің болмысы мен құндылығы ретінде бағаланады. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдырар ұлттың мұрасы да, сарқылмас арнасы да, баға жетпес қазынасы да – ана тілі, халқымыздың даналығын даралап, танымы мен талғамын таразылап бағалайтын да, саралайтын да – тіл байлығы. Ұлысты сән-салтанатымен, үрдісті құндылықтарымен мақсат-мұратына жеткізетін де – ана тілі мен ата-баба дәстүрі.

Осындай ұлттық құндылығымызды жан-жақты сипаттайтын мәңгілік мұрамыз ана тіліміздің қадір-қасиетін жете түсіне білген халқымыз оны ұлыс ұлттың рухына, өлшеусіз қазына байлығына, өрісі кең көкжиекті кеңістігіне балайды. Себебі тіл – өзара түсіністікті нығайтатын байланыс құралы болуымен қатар, қоғамдық ой-сананы дамытатын, іргелі елдің мемлекеттілігін, өркениеттілігі мен тәуелсіздігін айғақтайтын айшықты нышан. Тіл барда егемендік салтанат құрады. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендіксіз – тіл болуы екіталай. Тіл – тәуелсіздіктің тұғыры ғұмырлы сенімді берік тірегі, бірлік пен ынтымақты әйгілейтін жығылмас туы. Тіл мәртебесі – ел мәртебесі деп құдіреттілігін асқақтатып, құрмет тұтатындығымыз да содан.

Қазақ халқын дербес мемлекет атандырып отырған тәуелсіздігіміздің табан тірейтін тұғырлы темірқазығы да, ұлттық бейнемізді айшықтайтын нақышты нышаны да – ана тіліміз. Түптеп келгенде, елдігіміз бен бірлігіміздің туы да мемлекеттік тіл мәртебесін ұстанған қазақ тілі – ана тіліміз арқылы еліміздің өркениеттілігі мен мәдениеттілігіміздің дәрежесі өлшенетіні кәміл. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді. Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар. Бүгінде қазақ тілі білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналып, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деген еді. Сонымен қатар Президентіміз орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие екенін, заңнамаға сәйкес оның қолданылуына кедергі жасауға болмайтынын атап айтып, себебін де түсіндірді. «Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс. Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады. Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік меңгерсе, бұдан еш ұтылмайды. Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара. Орыс тілі – БҰҰ-дағы ресми алты тілдің бірі. Сондықтан бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет. Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек» екендігіне де Қасым-Жомарт Тоқаев баса назар аударды. Иә, біз қазақ ұлтымыз. Қазақ тілі арқылы дербес ұлт болып қалыптасып, тәуелсіз мемлекет тұтқасын ұстап отырмыз. Ұлттық тіліміз арқылы даңқымыз шығады. Абыройымыз артады. Мәртебеміз биіктейді. Құндылықтарымыздың қадір-қасиетін басқа елдер танып біледі.

Еліміз тәуелсіздік жалауын жоғары көкте желбіреткен кезден бастап қазақ тілі Мемлекеттік тілі деп жарияланды. Содан бері тіл саясаты батыл қолға алынды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен нақты іс-шаралар жүзеге асырылып жатқанымен, тілдің қолданыс аясының өрісі кеңейді, төрт құбыласы түгелденді деуге ертерек секілді. Қазақ тілінің бүгінгі жайына тереңірек үңілсек, шырмауықтай шатылып қалған тордан ажырап шыға алмай келе жатқаны қатты қынжылтады. Қынжылып қана қоймайсың, «ойпырай, түбі қалай болар екен» деп терең ойға да батырады. Жүрегіңді де қозғайды. Себебі не дейсіз бе? Тілім жоғалып кетіп, ұлтым омалып қаларма екен деген күмәнді қауіп көкейге кептеле береді. Ана тіліміздің қолданыстағы аясын кеңейту мақсатында бағдарламалар жасалып, тіл басқармалары құрылып, қазаққа қазақша үйрететін мекемелер ашылып жатқанымен тиімділігі көңіл көншітпейді. Әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізді несін жасырамыз.

Жетпіс жылдай Кеңес Одағының коммунистік партиясының саясатының салдарынан туған ана тілімізді жайлап сыртқа қарай ығыстырып қойып, жапатармағай орыс тілін ұлықтадық емес пе. Қазақ халқы өзінің тілін, дінін, тіпті салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары сынды ұлттық құндылықтарын ұмытудың аз-ақ алдында қалғаны анық жайт. Тіліміздің түп тамыры жойылып кетуге шақ қалған кезеңде, бабаларымыз сан ғасыр аңсаған, кейінгі ұрпаққа аманат еткен Ұлы даланы азаттық пен бостандық бұғауынан босатып, дербес тәуелсіз ел атанып, көк байрағымызды биік аспан көгіне желбіреттік. Бүгінгі таңда соны шүкіршілік етіп, масайрап мақтанып марқайғанымыз және рас.

Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, отыз жылдан астам уақыттан бері атқарушы билігіміз тіл туралы саясатты жүзеге асырып келе жатса да, қазақ тілінің дамуының пәрмені әлі де болса баяу екені шындық. «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп міндет қойып, ұрандаттық та. Өкіністісі сол, құлақ түріп тыңдағандар шамалы. Ана тілін білу – әр қазақстандықтың қастерлі парызы. Қазақ тілінің өз мәртебесіне сай толыққанды қоғамдық қызмет атқаруы аса қанағаттанғысыз екенін, жан-тәнімізбен түсіне отырып, бүгінде «Тіл туралы» заңның жүзеге асу барысын талқылауда басты назарды мемлекеттік тіл тағдырына аударғанымыз абзал. Өйткені қазақ тілі әлемдік мәдениеттің бөлінбес бөлшегі ретінде тек қазақ топырағында ғана мемлекеттік мәртебені талап ете алады.

Елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мен мәртебесін жоғарылату мақсатында көптеген үкіметтік бағдарламалар мен нақты іс-шаралар белгіленіп жүзге асырылды да. Ұтымды шаралар да іске ұйымдастырылды, іс жүзінде асырылып та жатыр. Көңілге медет болар тағылымды нәтижелері де баршылық. Алайда жетпіс жылдай Кеңес Одағының солақай саясатының салдарынан орыс тіліне бой алдырып, сол тілде сөйлеуіміз арқылы санамызға берік қалыптасып қалған ықпалдың ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар, бәлкім, кейбір мекемелерде қазақ тілінің қолдану жайы талапқа сай келе бермейтіні жасырын емес. Жастар жағы да ана тілімізге деген шынайы ықылас танытпауы да қатты алаңдатады. Мұның бәрі Кеңестік дәуір саясатының ықпалына бойымызды үйретіп, санамызды сансыратып, алдына сап айдап, мысымызды басып, иемендіріп иелеуіне мәжбүрлікпен көндіруінен туындаған жайттар екені айдай анық. Бәріміз жаппай орыс тілін ұлықтап, онсыз күнкөріс қиын деген желеудің жетегіне ілесіп, өзімізді-өзіміз мансұқтадық. Соның салдарынан қазақ халқы өзінің тілін, дінін, салт-дәстүрін ұмытатындай мүшкіл халге жетеқабыл қалғанын аңғармай от баса жаздадық.

Ұлтымыздың жаны һәм күретамыры, өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты дербес ұлт екенімізді дәлелдейтін мықты құрал кәусар тілімізді шұбарлап, мақтамен бауыздағандай алқымынан осып қиюға да тақалдық. Адамгершілік пен имандылыққа үйреткен, тәрбиелі, инабатты, салиқалы, кішіпейіл, дархан көңіл, кеңпейіл іргесі берік байырғы халық болып қалыптасуымызға бас идірген киелі дінімізді апиынға балап, одан сырт айналып, ат-тонымызды ала қаштық. Ғасырлар бойы халықтың тіршілік тұрмысында қалыптасып, салт-санамызға берік сіңген ұлттық ерекшелігімізді айшықтайтын дәйекті дәстүрімізді шалажансар күйге түсірдік те. Ұлтымыздың ұлыстығы мен ұлылығын анықтайтын ұлан-байтақ дархан даламыздың тарихын тереңдетіп оқып-білуді былай қойғанда, ұлы даламызды қызғыштай қорғаған батырларымызды, орақ тілді шешендерімізді бен адуынды ақындарымызды толықтай танып-білуден тысқары қалдық. Жершілдік, рушылдық деген желеуге ілесіп кіндік кесіп, кір жуған құтты да киелі атамекенімізге жылы жүрекпен, ерекше сезіммен қарауға мән бермей, мәңгүрттік кейіпке ене жаздадық.

Дегенмен, ата-бабаларымыз бен халқымыз сан ғасыр аңсаған азаттықтың арайлы таңы атып, шуақты шапағатына қол жеткіздік. Егеменді ел атандық. Тәуелсіздіктің көк байрағын жоғары көтердік. Бостандық тізгінін қолға ұстасымен күнделікте қолданыс аясының кеңістігі тарылып, тіпті түп тамырымен жойылуға таяу қалып, құрдымның құдығында тұншыға бастаған салт-дәстүрімізді тірілтуге ұмтылыс пен құлшыныс кеңінен қанат жайды. Сонау өткен ғасырдың сексенінші жылдарындағы желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ тілін жандандырудың нақты шаралары белгіленді. Олар жүзеге асырылып та жатыр. Бірақ та, жоғарыда айтып кеткендей, қанша жылдан бері атқарушы билік тіл туралы саясатқа көңіл бөліп, әртүрлі нақты бағдарламаларды жүзеге асырып келе жатыр десек те, қазақ тілінің дамуы мен қолданыс аясын кеңейту мәселесі түпкілікті шешімін таппай отырғаны, кем-кетік кемшін тұстарының да бар екені ешкімге құпия болмаса ке-рек. Бұл тұрғысында қоғам қайраткері әрі ғалым, ағартушы ұстаз, ұлтымыздың жанашыр перзенті Мұхтар Арын өзінің «Бес анық» деп аталатын кітабында бы-лай деп жазған: «Тілдің қазіргі жағдайын қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Ұлтымыздың

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАСИЕТТІ МҰРА

әркенниеттілігі, мәдениеттілігі жөнінде әңгіме болған кезде жалпы ұлттың мәдениеттілігі тілдің мәдениеттілігімен тікелей байланысты екенін аңғарамыз. Ал тіл мәдениеттілігі дененің – тілдің қазақ деп аталатын қауымның қоғамдық немесе жеке басының, өмірінің барлық жақтарын қамтуы, аса оқымысты, дарынды тіл болуы. Құр әшейін отбасының айналасында ғана қолданылып, басқасына шамасы жетпей жатса, онда ұлтымыздың жағдайы да сондай болып қалады» деп парасатты ой тұжырымдаумен бірге күмәнді ойын да бүкпесіз алға тартады. Бұл тілге жанашырлық танытқан дара ойлы дарынды ғалымның пікірі шындықпен астасып жатқаны жақсы мәлім.

Ананың ақ сүтімен қазақ баласының бойына сіңген Ана тіліміз арқылы біз өзіміздің қандай халық екенімізді, атамекенімізді, Отанымызды, ұлттық үрдісті дәстүр-салтымызды, әдет-ғұрпымызды басқа жұртқа танытамыз. Өз халқын, өзінің атамекенін сүюі мен ана тілін жетік білуі – қазақ ұлтының әр адамының перзенттік парызы, азаматтық қасиеті болуы тиіс. Олай дейтініміз, әр адам өз тіліне, өз ұлтына, өз тарихына, өз Отанына, туған жеріне деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігі арқылы өзінің қай ұлт өкілі екенін білдіреді. Ал ана тілін ұмытқан адам – өз ұлтының ерекшеліктерін елеп-ескере беруі күмәнділеу. Ондайлар халқының тарихын білуге ынта танытпайды. Өткеніне үңілмейді. Болашаққа ата-баба дәстүрін алып баратын ұрпағына үйретіп, санасына сіңіруге немкеттілікпен қарайды. Ұлттық дәстүр-салтынан қол үзеді. Өзінің ұлттық құндылықтарын, әдет-ғұрыптарын құнттамаған, тіпті мүлдем ұмытып, мәңгүрттіктің тығырығына тірелген қазақ баласы қалайша ұлтым қазақ деп айта алады. Әй, айта да қоймас-ау. Себебі қазақ ұлтының әдет-ғұрыптарының титімдей де мұрнына иісі бармайтын адамнан не үміт, не қайыр. Ондайлар аялы ана тілімізде ата-бабаларымыздың сыры мен жыры, арғымақтардың тұяқтары дүбірлеткен ұланғайыр даланың үні бар екенің сезінбейді-ау, шіркіндер, сезінбейді-ау?! Осы секілді, ана тілімізді үйренгісі келмейтіндер Бауыржан Момышұлының: «Тәуелсіздік тірегі – мемлекеттік тіл. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» болып табылатынын оқыса, ойланатын да болар еді-ау деген үміт оты ұшқындай беретіні дәтке қуат.

Шындығын айтқанда, туған жер темірқазықтай тұғыры, туған тіл сарқылмас қыдыры екеніне салғырт қарайтындар да баршылық. Ана тілін білмегендер түпкі ататегінің түбін зерделей де алмас. Ал ана тілінің қадірін білмейтіндер түпкі тегі тегін танымай, не толық мәнінде ұғына алмай, дел-сал күй кешетін шығар деген ой да көкейге кептеле беретіні бар. Ақиқатты алға тартсақ, ана тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер мәңгүрт саналатынын жүрегімен ұғынбайтын жандардың жарымесітілікке бой алдыруы қарадай түңілдіреді. Ана тілі – бірлік үшін, өзге тіл – тірлік үшін қажеттігін түсінгендер өз тілінен безініп жерімес еді. Мәңгүрттіктің топастық тоқыраудың тығырығына тірейтінін қазақ жастары жантәнімен түсінсе ғой, шіркін! Олай дейтініміз, қаланың тас жолында серуен құрып өскен жасөспірімдердің деншілігі орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тілінде сөйлеуді ұятсынатын секілді көрінеді. Онысымен қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің мәнмағынасын толық сезінбейтіні қайран қалдырады. Ана тілін, ұлттық дәстүрін құрметтеуді жете түсіне бермейтіні өзекті өртейтін өкініш. Және бір салғырттық, кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем бұрмаланып аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермей-ді де. Бұл қоғамның, оның ішінде тілдің дұрыс жазылуын бақылайтын ұйымдардың мән бермеушілігінен, ыждаһатсыздығынан туындайтын ыңғайсыз келеңсіздіктер екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған мақаласында тілге қатысты бірқатар мәселелерге тоқтала келіп, қазақ тілін білмейтіндерге үндеу жасаған болатын. Онда: «Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы, міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытта меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан біліп шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жақсы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек дей келе, жастарымыз бірнеше тіл білу арқылы өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал екендігіне де баса назар аударғаны мәлім.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысы жұртшылығымен кездесуінде де ана тілімізге баса назар аударып, әлем халықтарының жақсы қасиеттерін бойға сіңіріп, жақсы үрдістерін үйрену үшін тіл білу қажет екенін тағы да еске салып, былай деді: «Бабаларымыз «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деп айтқан. Шын мәнінде, жастар неше тіл білсе, алдынан сонша елдің есігі айқара ашылады. Бұл туған еліңнің мүддесіне қызмет ету үшін қажет. Дегенмен, ең алдымен, жастарымыз ана тілін – қазақ тілін білуі керек. Ана тіліміз бірінші орында болып, бәріміз үшін негізгі басымдық болуы қажет. Солай болады да деп атап айтқым келеді. Жалпы, біз тіліміз дамымай жатыр деген ойдан арылуымыз керек. ...Мемлекет қазақ тілін дамыту үшін тиісті шаралар қолданып жатыр. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыра береміз. Өз тілімізді өзіміз ұлықтауымыз қажет. Бұл өте дұрыс. Бірақ өзге тілден бас тартуға болмайды. «Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін» деген сөз бар. Біз тіл саясатын байыппен жүргізуіміз керек». Ендігі міндет – Президентіміздің осынау құнды ұсыныстарын талапқа сай жүзеге асыруға жаппай жұмылғанымыз абзал болар. Жастар ана тілі – қазақ тілін үйренуге ынталы ықылас пен шынайы ниет танытып, өз тілін құрметтеп, оның мәртебесін арттыруды перзенттік парызым деп ұғына білсе деймiз.

Тіл – бүкіл халықтың игілігі. Халықпен бірге жасап, бірге дамитын мәнерлі тіркестілігімен баурайтын тіл қасиетті, құдіретті әрі киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дарығандықтан тіл өшпейді, керісінше мазмұндылығын арттырып, жаңа сөздер мен тіркестермен қоры молыға беретін сала. Қандай қиындықта да ана тілі өз ұлысының ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршеңдігін айғақтап, одан әрі дами беретіні хақ. Ақын Әбілда Тәжібаев жырымен айтар болсақ:

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім мен де бірге өсемін,
Өшсе тілім мен де бірге өшемін.

Қазақ елі көп ұлыс өкілдерінің басын біріктіріп, бір шаңырақтың астында татулығы мен ынтымағын жарастырып, оларға: «Біз қазақстандықтармыз!» дегізіп, дәм-тұзымызды жегізіп, қазақ елінің ауызбірлігі мен татулығы әлемді таңғалдырып отырғаны және аян. Бірбірін сыйлаған құл болмайды, достығы құрыштай шымыр ел болады. Ұлыстың аражігін ажыратпауға, түсіністікпен қарауға ілтипат танытуға игі ықпал жасайды. Оған қол жеткізетін – мемлекеттік тіл. Ол – өзара байланыс құралы. Ұлтымыздың туы да осы тіл.

Бір өкiніштісі сол – басқа ұлт өкілдері өздері топырағында туып, өсіп-өніп, өркенін жайып, көсегесін көгертіп, бар жақсылығының шапағатын үйіп-төгіп отырған елінің тілін – яғни, қазақ тілін үйренуге немқұрайды қарайтыны қатты қынжылтады. Олар біздің ана тілімізді неге үйренгісі келмейді дейтін болсақ, оның жауабы біреу ғана. Біз пейілі кең, басқа біреуді көрсек, «соның көңілі қалмаса екен, риза болып аттанса екен» деп жалпақтап, өзіміз ішіп-жемесек те, бейтаныстығына қарамай бар дәмді ас-суына дейін алдына үйіп-төге салатын жомарттық пен дархандыққа бейімделген халықпыз. Осындай ақ ниеттілік мейірмен басқа ұлт өкілдеріне ана тілімізді үйренуді талап етпедік. Олардың қазақ тілін үйренуге, білуге ынта да, пейілде, құлық та танытпауға бейімділігі басым. Өзіміз жалпақтап, білсек те, білмесек те, әлгі бейтаныстардың тілінде тілді бұрап сөйлеп, қиналғанымыз жасырын емес. Ырқына бағынып ыңғайланып, иығымызға шығарған да өзіміз. Өстіп жүріп «балақтағы битті басқа өрмелетіп», оларға қанымызды іштей сорғыза бердік. Әбден басынғаны соншалық, өзімізге билік жүргізіп, үстемдік жасағандарына да көнбістік пен төзімділік таныттық. Енді келіп, оларға жалынышты болғандай күй кешіп, қомақты қаржы шығарып, «Айналайын, көкетайым, қазақ тілін үйрене қойшы» деп жалынып-жалпаң қағудамыз. Осындай кеңпейілдік пен қамқорлықтың қаншалықты қажеттілігі барын түсіну де қиын. Басқа ұлт өкілдеріне ана тілімізді үйренерліктей бізде ешқандай қажеттілік те, мұқтаждық та, мәжбүрлік те жоқ деп кесіп айтуға толық негіз бар. Мұқтаждық пен мәжбүрлік болмайынша, қазақ тілін қолдану аясы балталасаң да кеңеймейтініне көз жеткізген сыңайлымыз. Қазақ тілінің отбасы, ошақ қасы күйінде қала берері күмәнсіз. Олай дейтініміз, ағылшын тілін білу қажеттілігі туындап еді, ол тілді үйренуге жапа-тармағай бас қойды емес пе барша жұрт. Баласына ағылшынша тіл үйрететін мұғалімдер жалдап, тіпті, шетелге жіберіп оқытуға да ынта білдіріп жатқандар қаншама.

Мемлекеттік тіл-қазақ тілі!

Олардың ішінде ана тілін білмейтін, білсемау деп ынта-ықылас та танытпайтын, мәңгүрттенген қазақ балалары да жеткілікті. Бұл тілді үйренуге деген қажеттілік пен мәжбүрліктің туындамауы мен кеуде керіп менсінбеушіліктің, талап қоймай еркіндікке жол берген енжарлықтың айқын көрінісі.

Қазіргі Қазақстан жағдайында мемлекеттік тіл – қазақ тілін үйренуге ынта танытқандарға барынша қолайлы жағдай жасалынған деуге толық негіз бар. Атап айтқанда, ана тілін білмейтіндер үшін мемлекеттік тілді оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында мемлекеттік бағдарламалардың жобасы жасалып, жаңа стандарт бойынша оқытудың оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу, стандарт-технологияны енгізу, оқытушыларды аттестациядан өткізу, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын аккредитациялау мәселелерінің шаралары жан-жақты ойластырылған. Мемлекеттік тіл орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызметте, ұлттық орталықтарда тегін оқыту мүмкіндігі қарастырылған. Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері нақтыланған. Тілді үйретуге арналған әр түрлі оқу-әдістемелік құралдары да жеткілікті. Ана тілін оқытуға арналған кабинеттер қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Оларда курстарда ана тілін білмейтін қызметкерлер мемлекеттік тілді оқыту-үйрету курсынан өтеді. Сертификат алады. Іс сонымен тынады да, одан әрі жұмысын әдеттегіше орыс тілінде жалғастыра беретіндер басымдау. Мемлекеттік тіл білмейтін азаматтар мемлекеттің қамқорлығын сезініп, осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, тіл үйренуді парызды міндетке айналдыратын уақыт жеткен секілді. Солай дегенмен Мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдай жасалынғанымен этнос өкілдері де, оларға қоса өзінің ана тілін білмейтін қазақтар да мемлекеттік тілді білуге мүдделілік танытуы, төрт құбыласы сау деуге ауыз бара бермейді... Барша жұртты бауырластыратын – тіл. Мемлекеттік тіл саналатын ұлт тілін білу – Қазақстанда тұратын әр ұлыс өкіліне, тіпті қазақ жастарының өзіне де міндетті парызы мен қарызы болуы тиіс. Ол үшін қомақты қаражат жұмсап, тілді үйрен деп жалынып-жалпаңдаудың да, мәжбүрлеудің де қажеттілігі шамалы. Ана тілін менсінбейтін қазақтардың намысын қамшылау мақсатында Ата заңымызға, немесе ана тілімізді қолданысқа енгізудің ережелеріне кімде-кім ана тілі мәртебесінің мәнін жете ұғынбайтын, қадір-қасиетін құрметтемейтін, ұлттық үрдісті салт-дәстүрлерді ұғынбайтын, туған тілін жетік білмейтін, таза сөйлеп, сауатты жаза алмайтын, тіл байлығын молынан қолдануға орашолақтық танытатындарды шын мәніндегі мәдениетті кадр деп атауға болмайтындықтан мемлекеттік қызметтерден үміткер азамат мемлекеттік лауазымды қызметтерге тағайындалмайды деген сияқты қатаң талап қойылса, тек қазақ ұлтының адамдары ғана емес, басқа да ұлыстардың өкілдері мемлекеттік тілді білуге ерік-жігерін өзін-өзі мәжбүрлеп, мемлекеттік тілді толық қанды үйренетіндіктері әбден ықтимал. Сонда ғана мемлекеттік тіл – қазақ тілі қолданыс аясының қанатын кеңге жайып, тіл үйренуге ыңғай танытпайтын ынтасыздардың енжарлығына тыйым салынатыны хақ. Әйтпесе, «құрғақ қасық ауыз жыртады» дегеннің кебін киіп, ұзын арқан, кең тұсаумен жүруден арыла қоюымыз қиындау-ау.

Мәртебесін мәңгілік мирас тұтатын ана тілі тұрғысындағы талғамды ой-пікірімізді белгілі ақын Мұзафар Әлімбаевтың жасөспірімдерге қарата айтқан жыр шумағымен қорытындыласақ:

Кіршіксіз қардай сақтаңдар,
Қазақтың тілін ғаламат.
Ана тіл – арым, иманым,
Аманат, саған, аманат, – деп үкілі үміттің жібек жібінің үзілмейтініне бек сенім білдіреміз.

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Кабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА

ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ ЖАЛУЮТСЯ
на ограничения въезда на территорию парка «Медеу»

ПРОБЛЕМУ НЕОБОСНОВАННЫХ ЗАПРЕТОВ НА БЕСПРЕПЯТСТВЕННЫЙ ПРОЕЗД АВТОМОБИЛЕЙ ОТ ВЫСОКОГОРНОГО КАТКА «МЕДЕУ» ДО ГОРНОЛЫЖНОГО КУРОРТА ШЫМБУЛАК ОБСУДИЛИ В ХОДЕ ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ПО ЗАЩИТЕ ПРАВ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ И ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ, - ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА РЕГИОНАЛЬНОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ГОРОДА АЛМАТЫ.

На площадке РПП вопрос ограничения въезда на посту Медеу поднимается не первый раз. Начальник отдела по снижению административных барьеров РПП г. Алматы Нурбол Ашербеков отметил, что постановление акимата ограничивающее въезд в зону отдыха, приводит к возмущениям со стороны предпринимателей.

«В целях снижения транспортной нагрузки и антропогенного воздействия на окружающую среду в 2020 году управлением экологии и окружающей среды города Алматы был запущен онлайн сервис для регистрации электромобилей. В связи с чем все предприниматели, которые непосредственно занимаются перевозкой пассажиров и обслуживают свои предприятия, регистрировали свои автомобили через электронный сайт. Однако на сегодняшний день этим электромашинам беспрепятственный проезд через автоматический шлагбаум на «Медеу» ограничен», – говорит Нурбол Ашербеков.

Кроме того, у въезжающих запрашивают маршрут: куда, за кем будут ехать и с какой целью планируется поездка. А при смене сотрудников у шлагбаума предприниматели рискуют не попасть на территорию, а данные требуют подать повторно.

В начале 2022 года ТОО «TEZ JET» подало повторную жалобу, так как электрокарты компании не допускали на территорию. Согласно нормам Предпринимательского кодекса, был принят приказ о проведении расследования в апреле текущего года по итогу которого в управление (КАКОЕ) был направлен проект заключения, с которым в ведомстве не согласились.

«Приводились доводы о дорожно-транспортных нарушениях с участием картов компании. Был ряд вопросов о соответствии характеристик электромашин требованиям безопасного курсирования по маршруту «Медеу-Шымбулак». Мы рекомендовали департаменту полиции города Алматы провести экспертизу, далее они порекомендовали обратиться в адрес института судебных экспертиз города. На сегодняшний день экспертиза не завершена», – рассказала руководитель отдела защиты конкуренции департамента Агентства по защите и развитию конкуренции по г. Алматы Асель Зиядинова

Она добавила, что на момент проведения экспертизы расследование приостанавливается.

В свою очередь заместитель директора высокогорного катка «Медеу» Алмас Аттапханов остановился на важности постановления об ограничении въезда транспортных средств, которое принято с целью уменьшить антропогенную нагрузку парка.

«Администрация парка «Медеу» писала письмо на имя акима, чтобы ограничить въезд транспорта. Ограничение распространяется на весь транспорт за исключением автомобилей жителей и работников парка. Это сделано чтобы уменьшить антропогенную нагрузку. У меня сейчас зарегистрировалось 965 электромобилей, если они в один день заедут на территорию, это уже антропогенная нагрузка», – отметил Алмас Аттапханов.

Председатель совета по защите прав предпринимателей и противодействию коррупции Юрий Тлеумуратов призвал руководство парка прислушаться к просьбам бизнеса.

«В первую очередь это работа для прокуратуры, департаментов агентства по защите и развитию конкуренции и делам госслужбы. На мой взгляд, в этом деле есть почва для работы антикоррупционной службы», – подчеркнул Юрий Тлеумуратов.

Данный вопрос Палата предпринимателей города намерена вынести на обсуждение с представителями акимата города Алматы.

НАШ КОРР.

КОРРУПЦИЯ

ПРОБЛЕМА МЕЖДУНАРОДНОГО МАСШТАБА

Республика Казахстан основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней.

Нормы предопределены проблемами и угрозами, порождаемыми коррупцией, негативным влиянием коррупции на функционирование всех общественных и правовых институтов и отношений. Они направлены на обеспечение устойчивого развития государства, его политической, экономической и социальной систем, интересов национальной безопасности. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией.

Проблема коррупции превратилась в проблему международного масштаба, поскольку она присуща всем странам, независимо от их политического устройства и уровня экономического развития, имеет место и в демократических государствах с рыночной экономикой. Особым признаком коррупции является то, что она совершается путем использования указанными субъектами (действиями или бездействием) своего служебного положения, правового статуса и авторитета занимаемой должности вопреки интересам службы и установленным нормам права и морали. Данные действия направлены непосредственно на получение имущественной или иной выгоды и на удовлетворение тех или иных потребностей и интересов.

О необходимости борьбы с коррупцией говорят и политики, и высшие государственные чиновники, также борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов и для государственных органов. Вот эти слова Главы государства К.К.Токаева яркое подтверждение вышесказанному: «*Борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски… Без устранения причин и условий самих коррупционных явлений – это борьба с ветряными мельницами. Люди должны видеть, что чиновника или какого-либо руководителя не просто привлекли к ответственности, но и в работе госорганов, где они работали, произошли коренные перемены, которые исключают повторение событий. Пока такой комплексной и превентивной работы я не вижу. Чиновники меняются по кругу один за другим, а системные проблемы не решаются*», - отметил Президент.

Маржан ОМАРОВА,
главный специалист-секретарь судебного заседания Текелийского городского суда.

МЕДИАЦИЯ

ВЗАИМНОЕ ДОБРОВОЛЬНОЕ ВОЛЕИЗЪЯВЛЕНИЕ СТОРОН

Медиация (от англ. mediation - посредничество) по своей сути означает содействие третьей незаинтересованной стороной двум или более другим в поисках соглашения в спорной или конфликтной ситуации. Медиация - это внесудебный способ урегулирования споров, избираемый сторонами на добровольной основе между сторонами при содействии медиатора (медиаторов) в целях достижения ими взаимоприемлемого решения, реализуемая по добровольному согласию сторон.

Поэтому в нашей республике в целях создания для граждан и юридических лиц правовой основы для выбора способа разрешения возникшего спора (конфликта), в том числе и без обращения в соответствующие государственные органы, а также в целях упорядочения деятельности лиц, участвующих в урегулировании конфликтных ситуаций (медиаторов) 28 января 2011 года принят Закон Республики Казахстан "О медиации".

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности, вправе отказаться от медиации на любой ее стадии. В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта), свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

В ходе уголовного судопроизводства медиация может применяться для достижения процедуры примирения между обвиняемым (подсудимым) и потерпевшим по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, если иное не установлено законами Республики Казахстан.

При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом.

Даурен ЖАНАЙБЕКОВ,
главный специалист-секретарь судебного заседания Талдыкорганского городского суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҢА НЫСАН

АҚСУДА ЖАҢА СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Республика күні қарсаңында Жетісу облысы Ақсу ауылында заманауи спорт кешені ел игілігіне берілді. Аталмыш нысан ақсулық меценат Айдын Сүлейменнің демеушілігімен салынып отыр. Нысанда бір мезгілде 180 бала спортпен шұғылдана алады. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Спорт кешенінің ашылу салтанатына Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Алмат Үшкемпіров, аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы, ауыл тұрғындары қатысты.

Құны 350 млн. теңге болатын құрылыс жұмыстарын «Строй монтаж вектор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізді. Кешенде 4 жаттығу залы бар десек, олар түгелдей қажетті спорттық жабдықтармен қамтылған. Яғни ауыл балаларының баскетбол, волейбол, шағын футбол, бокс, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, қазақша және еркін күреспен айналысуына мүмкіндік жасалған. Нысанда бір мезгілде 180 бала спортпен шұғылдана алады.

– Бұған дейін балалар еркін күрестен ауылдағы Мамания мектебінің спорт залы базасында жаттығып келді. Олардың аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінен бөлінген маман жаттықтыратын. Енді күреспен қатар басқа да спорт түрлеріне қызыққан балалар осы кешенінің арнайы залдарында шынығатын болады. Штатқа жаттықтырушылар спорт мектебінен тартылады, – деді Ақсу аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының директоры Асхат Сауғанбаев.

Спорттық кешен жастарды саламатты өмір салтына баулып қана қоймай, уақытты тиімді пайдалануға, табандылық пен төзімділігін шыңдауға мүмкіндік бермек. Ақсу ауылының тұрғындарының орталықта болашақ чемпиондар өсіп шығарына сенімдері мол.

Жетісу облысында Ақсудағы спорт кешенінен бөлек 5 спорттық сауықтыру кешені бар. Биыл облыста тағы 8 спорт нысанының құрылысы жүріп жатыр. Соның ішінде Алакөл ауданындағы Достық және Лепсі ауылдарында дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Алакөл ауданы Бескөл ауылында, Панфилов ауданы Үлкен Шыған, Пенжім ауылдарында спорт кешендері салынуда.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР

ӨЗБЕКСТАНДА ОЛЖАЛЫ БОЛДЫ

ӨЗБЕКСТАННЫҢ БАС ШАҺАРЫ – ТАШКЕНТТЕ СПОРТТЫҚ АКРОБАТИКАДАН НИКОЛАЙ ЛАКИЗАНЫ ЕСКЕ ТҮСІРУГЕ АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР АЯҚТАЛДЫ.

Спортты дамыту дирекциясының мәліметінше, ала тақиялы ағайындардың елінде өткен жарыста Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары 4 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль олжалаған. Атап айтқанда, ерлер сапында жұптық сайыста өнер көрсеткен Назар Жантасов пен Айсұлтан Сағынбек жұбы, қыздар арасында Валерия Муравкина мен Анжелика Бобошко жұбы өз бағдарламаларында турнир жеңімпазы атанса, аралас дуэтте Алиса Котова мен Руслан Мелешко жұбы топ жарды. Сондай-ақ Адель Біржанова, Полина Кузнецова, Милана Бикбаева үштігі де алтыннан алқа тақты.

Ал Дмитрий Федькович пен Карина Чубченко аралас бағдарламада отандастарына жол беріп, күміс жүлдеге ие болды. Руслан Әубәкіров мен Злата Богунова және Илларион Мацымоха мен Полина Оленьчук аралас санатта үздік үштіктен көрінді.

Айта кетейік, халықаралық турнирде Қазақстан, Өзбекстан, Германия мен Ресейдің 100-ден астам үздік гимнасшысы үш жас санатында шеберлік байқасты.

БОКС

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖЕҢІСІ

Қазақстандық жас кәсіпқой боксшылар Республика күні қарсаңында Мексикадағы бокс кешіне қатысып, жанкүйерлерін жарқын жеңістерімен қуантты.

Мехико қаласында ұйымдастырылған бокс кешінде әуесқой бокстан 2017 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Әбілхан Аманқұл мен Азия чемпионы Бек Нұрмағанбет шаршы алаңға көтерілді. Рингке бірінші болып шыққан Бек жергілікті боксшы Лучано Араухомен (6-5-3, 3 КО) жұдырықтасты. Супер орта салмақта жоспарланған сегіз раундтық айқастың екінші раундында жерлесіміз қарсыласын техникалық нокаутпен ұтты. Бұл – Нұрмағанбеттің кәсіпқой бокстағы сегізінші жеңісі. Жерлесіміз былтыр WBA International тұжырымы бойынша супер орта салмақтағы титулды жеңіп алған болатын.

Ал кәсіпқой бокстағы «қазақтың салмағына» айналып бара жатқан орта салмақ дәрежесінде жекпе-жек өткізген Ә.Аманқұл да мексикалық боксшы Йеассон Пачеко Сервантеспен (6-1, 3 КО) жұдырықтасып, қарсыласын өз жанкүйерлері алдында сұлатып салды. Бұл – отандасымыздың кәсіпқой бокстағы екінші жеңісі.

КӨГАЛДАҒЫ ХОККЕЙ

АРУЛАР ТОП ЖАРДЫ

Талдықорғанда көгалдағы хоккейден жасөспірім қыздар арасында алтыншы мәрте ұйымдастырылған Азия кубогы мәресіне жетті.

Биылғы Сары құрлық бәсекесінде Қазақстан құрамасынан бөлек, қытайлық Тайбэй, Өзбекстан, Индонезия, Гонконг және Тәжікстан спортшылары бақ сынады.

Олимпиадалық спорт түріне енетін көгалдағы хоккей спорты кейінгі жылдары Қазақстанда қарқынды дамып келеді. Азия чемпионаттарында жүлде салып жүрген ұлттық құрама өкілдері әлемдік деңгейдегі жарыстарда да лайықты өнер көрсетіп жүргенін жанкүйерлер жақсы біледі. Енді, міне, жастар құрамасы да үздіктер қатарынан көрініп, Азия кубогында алғаш рет топ жарды.

Орталық және Оңтүстік Азияның алты құрамасы өнер көрсеткен Талдықорғандағы тартысты бәсекелерде Қазақстан құрамасының қыздары топтық кезеңде тек қытайлық Тайбэй спортшыларына ғана жол беріп (финалда дәл осы құраманы жеңді), қалған ойындардың барлығында қарсыласын қапы қалдырып, Азия кубогының жеңімпазы атанды.

Атап айтқанда, жерлестеріміз құрлық бәсекесінің топтық кезеңдегі алғашқы турында Тәжікстан құрамасын 18:0 есебімен тізе бүктірсе, кейінгі ойында Индонезия хоккейшілерінен басым болды – 5:0. Үшінші турда қытайлық Тайбэйден 0:2 есебімен жеңіліп қалған жерлестеріміз кейінгі екі матчта Гонконг (7:0) пен Өзбекстан құрамаларын (2:0) жеңіп,финалдық сайысқа жолдама алды.

Әр төрт жылда бір рет өткізілетін Азия кубогының биылғы финалында топтық кезеңде ең көп ұпай жинаған Қазақстан мен қытайлық Тайбэй құрамалары шығып, отандастарымыз 7:2 есебімен жеңіске жетіп қана қоймай, осы жарыстағы есесін қайтарды. Ал үшінші орын үшін өткен бәсекеде Өзбекстан спортшылары Индонезияны жеңіп, Азия кубогының қола жүлдегері атанды. Бұған дейін ұйымдастырылған жастар арасындағы Азия кубогы бәсекелерінде қытай-лық Тайбэй құрамасы (2003, 2011, 2014) үш рет жеңімпаз атанған болса, Малайзия (2007) мен Сингапур (2019) спортшылары бір-бір мәрте үздік шыққантын.

Сондай-ақ жарыс қорытындысы бойынша, қытайлық Тайбэй өкілі Хуан И-Чунь Азия кубогының үздік сұрмергені, ал Ван Ю-Чин үздік ойыншы атанды. Сондай-ақ Қазақстан құрамасының бас бапкері Нұржан Бейбітов турнирдің ең үздік жаттықтырушысы атағына ие болса, Ділназ Олжабаева ең үздік қақпашы аталымында топ жарды.

Бір аптаға жалғасқан жарыстың жабылу салтанатына Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Диас Ахметқалиев, Жетісу облыстық спорт басқармасының басшысы Алмат Үшкемпіров, Қазақстан хоккей федерациясының президенті Берікқазы Сексенбаев, вице-президенті Махмұд Орман, федерацияның бас хатшысы Серік Қалымбаев және тағы басқа шет мемлекеттерден келген лауазымды тұлғалар қатысып, жарыс жеңімпазы мен жүлдегерлерін марапаттады.

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

ЖҮЛДЕГЕРЛЕР ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

АСТАНАЛЫҚ АҒАЙЫНДЫ КОЛОДАЛАР АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНАН БІР КҮМІС, БІР ҚОЛАМЕН ЕЛГЕ ОРАЛДЫ.

Чемпионаттың жүлдегерлерін темір жол вокзалынан қалалық спорт басқармасының өкілдері мен жақындары ыстық ықыласпен күтіп алды.

«Бұл жеңісті барша Қазақстан халқының жетістігі деп білемін. Баршасына, әсіресе, Астана қаласының әкімдігіне және қалалық спорт басқармасына қолдау жасап жүргені үшін алғысымды айтқым келеді. Елордалық спортшыларды қолдап, осылай күтіп алғанына ризашылығымды білдіремін»,– дейді Азия чемпионатының күміс жүлдегері Анастасия Колода.

Айта кетейік, биыл 13-16 қазан күндері Кувейт қаласында 30 мемлекеттен 400-ге жуық жеңіл атлет бақ сынаған болатын.

Дүбірлі Азия чемпионатына еліміздің барлық өңірінен 27 спортшы қатысты. Олардың арасында елордалық әпкелі-сіңлі Колодалар да бар.

Атап айтқанда, 400 м кедергілер арқылы жүгірген Анастасия Колода күміс жүлдені еншіледі. Ал Екатерина Колода осы қашықтықта 4-орыннан көрінді.

Жарыс қорытындысы бойынша, Қазақстан құрамасы U18 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында ел қоржынына 3 алтын, 3 күміс, 1 қола медаль салып, жалпы командалық есепте бесінші орынмен аяқтады.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

МАҚТАНЫШ

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ ӨРІСІН ДАМЫТУ ҚАЙ КЕЗЕҢДЕ ДЕ МАҢЫЗДЫ. ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ ЕҢБЕКҚОР, ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ, ЖАН-ЖАҚТЫ БОЛУЫ ҮШІН ЕЛІМІЗДЕ ТҮРЛІ ҮЙІРМЕЛЕР, ӨНЕР МЕКТЕПТЕРІ КӨПТЕП АШЫЛДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ ӨҢІРІМІЗДЕГІ «МЕЙІРІМ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ.

Бұл орталық балаларды түрлі салада өнерге баулып, өздерін жаңа қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Олар сурет салып, би билеп, ән айтып, қолөнермен айналыса алады. Осылардың ішіндегі оқушылардың сөйлеу мәдениетін жақсартып, кез келген ортада өз ойын еркін жеткізуге үйрететіні «Шешендік өнер» үйірмесі. Жәрдемгүл Кабенқызы жетекшілік ететін үйірмеге алғашқы күннен-ақ қызығушылық танытқан оқушылар көп болып, нәтижесінде олар тапқырлықты, ұтымды сөйлеуді үйренді. Оқушылар арасында өз қатарларының алды болып, ерекше талпыныспен көзге түскен балалар да бар. Соның ішінде Данагүл мен Аляны ұстаздары ерекше атап өтті. 8-сыныпта оқитын оқу озаттары бастауыш сыныптан бастап түрлі жарыста бақ сынап, жүлделі орындарды иеленген. Жақында өткен Республикалық «Самға Самұрық» балалар байқауында да жоғары дәрежеден көрінді. Өнерпаздар ішінен жүзден жүйрік шыққан Данагүл Серікболқызы бас жүлдені қанжығасына байласа, Аля Теңдік 1 орын иегері атанды.

– Данагүл мен Аля аудитория алдында сөзді мәнерлеп айта білу өнерін жақсы меңгерген. Дауыстарында батпандай салмақ, зіл жатады десем де болады. Себебі әр сөздері нысанаға көзделген жебе секілді сахнаны жарып өтіп, көрерменнің көңілінен орын табады. Интонацияны жөндеу үшін екі қызбен де көп жаттығып, толассыз еңбек еттік. Дауыс шығаруда қимыл қозғалыстың атқаратын рөлін толыққанды түсіну үшін аз уақыт кеткен жоқ. Бүгінде барлық талапты дұрыс орындап, үнемі ізденгендерінің арқасында сахнада өздерін еркін ұстай алады. «Самға Самұрық» байқауында да әділ қазылар алқасы екі қызымыздың өздерін еркін ұстауын ерекше атап өтті. Қыздарыма осындай мақтау айтып жатқанда қуанышымда шек болмады. Шәкірттерімнің арқасында менде сертификат алып қайттым, – дейді шешендік өнер үйірмесінің жетекшісі Жәрдемгүл Кабенқызы.

Болашақта халықтың қалаулы азаматшалары болуды армандайтын қыздарға сәт-тілік серік болғай!

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

ҚАЗАҚСТАН – РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ

Менің Отаным – Қазақстан Республикасы әлемдегі ең жас мемлекеттердің бірі. Қазақстан 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңды қабылдағаннан кейін саяси картада пайда болды.

Қазақстан – жаңа қалыптасып жатқан әлемнің саяси – географиялық ауданы – Орталық Азияның көшбасшысы болып табылады. Бүгінде еліміз тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа өмір салтына қызмет ете бастады. Ғасырлар бойғы халықтың армандары, мақсаттары орындалды, ата-бабалар алдындағы борыш өтелді. Біз ірі әлемдік ұйымдардың мүшелігіне кіріп және ерекше қарқынмен дамып келеміз.

Еліміздің Тұңғыш Президенті арқасында еліміз бүкіл әлем үшін үлгі болған мемлекет деңгейіне жетті. Бір шаңырақ астында жүз отыз алты ұлттың өкілдері жиналуы кездейсоқ емес. Мысалы, Қазақстан туының түсі көк. Онда сары түсті сурет бейнеленген. Ал, егер көк және сары түстерді араластырсақ, жасыл түс шығады. Жасыл түс – бұл бүкіл жер бетінің жасыл гүлдену аймағына айналуы. Егер сіз Қазақстанды жаңа дәуірде елестетсеңіз, таң қаласыз. Бұл Асан қайғы бабамыздың армандаған Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті. Қазір Қазақстан елді басқарудың тиімді жүйесін құрып, шекара мәселелерін толығымен шешіп, өзінің экономикалық – географиялық жағдайын жақсартуға кірісті.

Ұлы ғалым Ш.Уәлиханов айтқандай: «Әр халықтың дамуы үшін ең алдымен еркіндік пен білім қажет». Ел патриоты ретінде мен де білім алып, мемлекет игілігі үшін жұмыс істеп, елімнің дамуына үлесімді қоссам деймін. Мен өз елімді мақтаныш етемін.

Еркежан ОСПАН,
Абылай хан атындағы
қазақ халықаралық қатынастар және
әлемтілдері университеті
ФММК «журналистика»
мамандығының 1 курс студенті.

ДЕНСАУЛЫҚ

Адамның денсаулығы ішкен асына байланысты. «Ауру – астан» деген содан қалған.

ҚАНДЫ ҚОЮЛАТАТЫН 4 СУСЫН

Мәселен, қанты көп сусындар қандағы тромбоциттерді көбейтіп, соның кесірінен адам түрлі қан-жүрек ауруларына шалдығуы мүмкін. Тәтті суысндар қанда «жаман холестериннің» көбейіп кетуіне де себеп. Содан тромб пен холестерин көбейсе, қан қоюланып, дұрыс айналмай, жүрек қанды айналдыра алмай, ағзаға үлкен ақау түседі. Оның алдын алудың жолы оңай.

Мамандардың айтуынша, ол үшін мына төрт түрлі сусынды ішуді доғару керек:

– Газдалған сусындар
– Сапасыз жеміс сусындары (қан қосылған, жемістің өзі жоқ)
– Энергетик сусындар
– Арақ, ішіне жеміс салынып ашытылған арақ

Қант – қанның ұюына, липопротеиннің көбейіп, оның қышқылданып кетуіне себеп болатын өнім. "Атеросклерозға әкелетін себептің бірі де – осы қант" дейді мамандар.

massaget.kz. сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

Шығыс шағын ауданы

Бетті дайындаған А. СМАҒҰЛ.

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1039
Индекс 15534